| | | | | көлеміндей алшақ, сылдырмақ кеуде тұсында. Сылдырмақты алға созу. Еңкею, сылдырмақты тізеге тигізу. Б. қ. келу. Б. қ.: тік тұру, сылдырмақты қос қолмен ұстау. 1. Қос аяқпен секіру. Б. қ. келу. **Тыныс алу:** . «Сылдырмақты үрлеу». **Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары:** Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүру. **Қимылды ойын: №13. «Қоңырау қайдан естіледі?»** **Мақсаты:** Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады. | |
| Балаларменже кежұмыс | **Дид ойын:«Орнын тап»** **Мақсаты:** балалар өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтап, суреттен таба біледі. | **Дид ойын:«Балабақша»** **Мақсаты:** балабақша қызыметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата біледі | **Дид ойын: «Не қайда тұрады?»** **Мақсаты:** Ойын арқылы балалар заттың орналасу ретін біледі. | **Дид ойын: Танып ал да, атын ата** **Мақсаты:** заттың түр-түсін, пішінін, атын атай алады. | **Дид ойын: «Әдемі гүл»** Ойынның мақсаты: түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіре алады. |
| Серуенгедайы | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ндық | Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | | | | |
| Серуен | **Картотека №11**<br>Күнді бақылау. | **Картотека №17**<br>«Күз көрінісін бақылау» | **Картотека №18**<br>Күзгі жапырақтарды бақылау. | **Картотека №19**<br>Жаңбырды бақылау. | **Картотека №20**<br>Жәндіктерді бақылау. |
| | **«Еңбегі адал жас өрен» - серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру. Табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.** | | | | |
| Балалардыңүй геқайтуы | **«Өнегелі 15 минут» Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің көшеде, үйде қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.** | | | | |
| | Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу. | Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру.<br>Балалардың үйге қайтуы. | Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу.<br>Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айтуБалалардың үйге қайтуы..<br>Балалардың сұранып үйге қайтуы | Ана – аналармен әңгімелесу.<br>Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту. | Ана – аналармен әңгімелесу.<br>Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. |

Ұйымдастырылған іс әрекеттер күні бойы жүргізіледі.

**Тәрбиеші :** Айнадинова Гулбану Агимакызы
Жолдыбаева Жансая Серікқызы

Әдіскер : Жетмекова

Тексерілді:

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
**Топ:** «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:**3- жа
Жоспардың құрылу кезеңі : 16.09 – 20.09.2024ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Күй күмбірі – ұлттық құндылық, ұлттық өнерге баулу.**<br>Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | **«Өнегелі 15 минут»** - Балалардың денсаулығы, іс- әрекеті, мінез құлқы туралы әңгімелесу.<br>Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер | **Картотека № 1**<br>**Дид ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**Мақсаты:** балаларды әр түрлі мамандықпен танысады. Еңбекті құрметтеуді түсінеді. | **Картотека №2**<br>**Дид ойын: «Өзім және отбасым»**<br>**Мақсаты:** Отбасында-ғы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді. | **Картотека № 3**<br>**Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»**<br>**Мақсаты:** Суреттегі сәйкессіздікті таба біледі. | **Картотека № 7**<br>**Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»**<br>**Мақсаты:** балалардың табиғатты қорғау, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдылары дамиды. | **Картотека № 6**<br>**Дид ойын: «Кімге не керек»**<br>**Ойынның мақсаты:** Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта біледі. |
| | **коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан** | | | | |
| Таңертенгіжаттығу | Қыркүйек айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген<br>**Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау** | | | | |
| Таңғыас | **Үнемді тұтыну ережелерін түсіндіру.** Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру.<br>**Қауіпсіздік ережелері- тамақ ішу кезінде, құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту.**<br>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. | | | | |
| Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық | **«Балалар кітапханасы» жобасы аясында. «Тілім менің тірегім»** | | | | |
| | Достар , бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер! | Қуанамыз күлеміз,<br>Бар әлемде сүйеміз.<br>Қол ұстасып, қуанып,<br>Достарымен бір жүреміз. | Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі<br>Барлық бала саяласын | Достарым, кең тұрыңдар,<br>Бақыт сонда ұғыңдар.<br>Қол ұстасып , күліпдеп<br>Шаттық шеңбер құрыңдар | Аманбысың ,алтын күн!<br>Аманбысың, жарқын күн!<br>Маған жылу, жарық бер,<br>Қуаныш пен шаттық бер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Білімберуұйымының кестесібойыншаұйым дастырылған іс-әрекет | **Қызығушылықты ояту.**<br>**Телефон шырылдау.**<br>**Хабарлама келу.**<br>-Ия балалар дәрігерден келген екен<br>Тәрбиеші хабарламаны оқиды.<br>Саламатсыздарма балалар!<br>Балалар өз дене мүшелеріңді білесіңдерме?<br>Біз сіздерді тексеруден өткізуге барамыз.<br>**Дид ойын:**<br>**«Дене мүшелерді ата»**<br>Шарты: дене мүшелерін көрсетіп атау.<br>(Бас, мойын, қол, кеуде, аяқ)<br>**Қ .Мырза Әли**<br>-Екі көзің не үшін керек?<br>- Жақсыларды көру үшін!<br>- Екі қолың не үшін керек?<br>- Елге көмек беру үшін!<br>- Құлақ деген не үшін керек?<br>- Ақыл-кеңес тыңдау үшін!<br>-Тіл мен жағың не үшін керек?<br>- Ақиқатты айту үшін!<br>- Ал аяғың?..<br>- Шетте жүрсем,<br>Туған жерге қайту үшін!<br>Өлең жолдарының мағынасын түсіндіру.<br>**Дид ойын:**<br>**«Адам денесін құрастыр»**<br>Шарты: суреттерді дұрыс құрастыра отырып, адам бейнесін шығару.<br>Балаларды мадақтау.<br>Шапалақ әдісі. | Әжемнің ертегісі<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Балалар мен ертегі кейіпкерлерінен хат алдым. Мен сеңдерге хатты оқып берейін.<br>**«Қымбатты балалар!**<br>**Біз ертегі орманның тұрғындарымыз.**<br>**Сіздерді қонаққа шақырамыз...»**<br>Сендер қонаққа барғыларын келе ме?<br>**Ой дамыту.**<br>біз қонаққа бармас бұрын, бұл хат қай ертегіден екенін табу үшін, жұмақтарды шешуіміз керек.<br>**Миға шабул**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Шарты: Жасырған жұмбақты жылдам шешу<br>Көлдің беті көк әйнек,<br>Сырғанауға тым әйбет.<br>(Мұз)<br>Қылдай белі бүгілген,<br>Өзінен де жүгі үлкен.<br>(Құмырсқа)<br>**Тосын сәт. Аудио дыбыс.**<br>**Ой балалар бұл ненің даусы**.<br>(Тышқан)<br>Жаңбырдың дыбысы<br>Бұл ненің дыбысы?(Жаңбыр)<br>Ой балалар бұл ненің | **Тосын сәт**<br>**Тиін келеді. Көңілсіз.**<br>Балалардан көмек сұрау.<br>Маған аю көп тапсырма берді, өзім орындай алмай тұрмын, маған көмек керек.<br>Егер мен орындамасам аю жеп қояды.<br>Тиін сен уайымдама біздің балалар білімді , көмектеседі.<br>**Тиінға көмек**<br>**1-тапсырма.**<br>**Дид ойын: «Шарларды ажыратып бер»**<br>Суретпен жұмыс:<br>-Ненің суретін көріп тұрмыз?<br><br>-Қоянның қолында неше шар?<br>-Мысықтың қолында неше шар бар?<br>Қайсысының қолындағы шар көп?<br>-Шардың түстері қандай?<br>-Шардың пішіндері қандай?<br>**2- тапсырма .**<br>Мен бау-бақшаға барып, құлпынай теруім керек. Алдымда көлшік жатыр ғой, одан қалай өтемін? Аяғымды ластамай, батпаққа батпай, көлшіктен ақырындап, абайлап өту үшін не керек? | **Қызығушылықты ояту.**<br>**Ой қозғау.**<br>Балалар бүгін бізге бір - бірінен айнымайтын түрлері бірдей ағайынды қуыршақтар келіпті. Біздің бәріміздің өз атымыз бар, сол сияқты қуыршақтардың да аттары бар екен.<br>- Ең үлкені Айжан<br>- Ал одан кішісі Айман<br>- Ең кішісі Айгүл<br>Қане бәріміз қуыршақтардың атын қайталап шығайық.<br>Қуыршақтардың түрлері бірдей болғанымен бойлары бірдей ма?<br>**Дид ойын:**<br>**«Қуыршақты ата»**<br>**Шарты:**Рет - ретімен қуыршақтарды көрсетіп, атын атау.<br>Ең үлкен қуыршақты кім көрсетеді, аты кім?<br>Жарайсыңдар балалар!<br>Қуыршақтарымыз бізге бос келмепті, тапсырмалар мен жолда келе жатып алма теріпті. Міне, қараңдаршы қандай әдемі алмалар.<br>**Дид ойын : «Алма мен алмұртты салыстыр»**<br>- Түстері бірдей ма?<br>- Түстері қандай?<br>- Жемістердің қайсысы көп, қайсысы аз?. | «Қауіпсіздік ережелері»<br>**Ғажайып сәт: Аудио дыбыс. Машинаның дыбысы. Бип-бип –бип**<br>Балалар ненің даусы деп ойлайсыңдар?<br>Машинаның.<br>**Ой қозғау**<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>Мультфильм қарау.<br>Ой балалар мына машина жүре алмай тұр екен, машинаға көмектесеміз бе?<br>**Дид ойын: «Машинаға жол саламыз»**<br>**Шарты:** Геометриялық пішіндерден машинаға жол құрастыру.<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Сөйлеуді ол білмейді.<br>Бірақ тоқта жүр дейді.<br>Бұл не екен балалар?<br>-Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек?<br>-Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай?<br>-Бағдаршамның көздеріні қызметін айтып беріңізші. Қандай көзі жанғанда тоқтаймыз?<br>Жарайсыңдар, балалар, бағдаршам туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ой дамыту.**<br>**Қызықты оқиға**.<br>Балалар, суретшілер айнаға қарап тұрып өз суреттерін өздері сала алады екен. Оны **автопортрет** деп атайды екен.. Сөз естеріңде қалды ма? Қане, бәріміз қайталап айтайық (автопортрет). Ол нені білдіреді екен.<br>**Ой қозғау.**<br>Шығармашылық ортаға саяхат.<br>Портреттерге назар аударайық.<br>Онда кімнің суреті салынған? (Ананың). Балалар, анықтап қараңдаршы, автор анасын қандай көңіл-күйде бейнелепті? Сурет салу кезінде автордың көңіл-күйі қандай болды екен? Автор өз еңбегін жасау барысында қандай заттарды пайдаланыпты?<br>Бұл суретке қандай ат ойлап табуға болады?<br>Мен сендерге айнаға қарап тұрып өз суреттеріңді салуды ұсынамын. Сонда келесі көрмемізде сендердің жұмыстарыңды тамашалайтын боламыз.<br>**Құрлымдалған ойын: «Менің портретім!»**<br>**Балалар жұмысын мадақтау.**<br><br>**Денешынықтыру** | даусы?<br>(Тоқты)<br>Жарайсындар, балалар сендер жұмбақтардың жауабын таптыңдар. Бұл кейіпкерлер қай ертегіде кездеседі?<br>-Дұрыс, бұл кейіпкерлердің бәрі «Кім күшті» ертегісінде кездеседі.<br>Сендер ертегі әлемінде көретін ертегіні тауып алдындар. Жарайсындар !<br>**Ой қозғау.**<br>**АҚТ технол жұмыс.**<br>«Кім күшті» ертегісін көрсете отырып, түсіндіру.<br>Ал, енді көзімізді жұмып 1,2, 3 дегенде сиқырлы таяқшамен ертегі еліне жетеміз.<br>Ертегігелер еліне қош келдіңдер!<br>**Дид ойын: «Кім күшті?»** ертегіні сахналау.<br>Әр бала бет перде киіп ертегіні сахналайды.<br>Мадақтау.<br>Көздеріңді жұмып 1,2,3дейін санандар<br>Міне біз сүйікті балабақшамызға оралдық.<br>-Сендерге ертегі ұнады ма?<br>-Қай кейіпкер сендерге қатты ұнады?<br>-Кім өз ролін жақсы орындап шықты?<br>балаларды мадақтау . | Көпір керек<br>**Дид ойын. «Көпір саламыз»**<br>Балалар, мына жерде таяқшалар жатыр екен, енді осы таяқшалардан көпір құрастырып берейік.<br>**3-тапсырма.**<br>**Тақпақ айтып бер**<br>Сенген қайрат, күшіне<br>Қоңыр аю-қорбаңбай,<br>Жасыл тоғай ішінде<br>Жүреді еркін қорғанбай.<br>Бал араның қалайда<br>Барлық балын өзі алып,<br>Жидегі мол тоғайда<br>Жүргізеді қожалық.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бәріміз біргеміз.<br>Оңға бір қадам, солға бір қадам<br>Шапалақ ұрамыз.<br>Алға бір қадам, артқа бір қадам<br>Шапалақ ұрамыз.<br>**4 - тапсырма.**<br>Экологиялық мәдениетті қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін айтып бер.**<br>1.Қоқысты кез келген жерге тастама, арнайы қоқыс жәшігіне сал!<br>3. Табиғатта өзін-өзі ұстай білу ережесі<br>2.Ағаштарды кеспе, бұтағын сындырма! | **2-Тапсырма**<br>**Миға шабул.**<br>**Логикалық тапсырма**<br>-Жол ұзын ба, қысқа ма?<br>Қол ұзын ба, қысқы ма?<br>-Қасық ұзын ба, қысқа ма?<br>Асық ұзын ба, қысқа ма?<br>-Алма үлкен бе, түйме үлкен бе?<br>-Аю үлкен бе, қоян үлкен бе?<br>-Шаш ұзын ба, қас ұзын ба?<br>**Сергіту сәті:**<br>Алма, алма, көп алма<br>Қызыл жасыл, сары алма.<br>Теріп, теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық.<br>**3- тапсырма**<br>**Алма, алмұрт туралы тақпақтар айтып беріңдер**<br>Апорт дейтін алма бар,<br>Жер жаратын атағы.<br>Ондай алма қайда бар,<br>Алматы – оның Отаны.<br>**Алмұрт**<br>Уылжыған албырт,<br>оның аты- алмұрт.<br>Мен алмұртпын ,<br>алмұртпын,<br>аузындамын бар жұрттың.<br>**Дид ойын: «Сиқырлы жолдар»**<br>**Шарты.**Оң жақтағы жол үш-бұрыштан, сол жақтағы жол | туралы біледі екенсіңдер.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Көліктер қайда жүр?<br>Жолда қалай жүру керек?<br>- Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз?<br>-Енді мына белгілерге қараңдаршы, мынау ненің суреті?<br>-Егер телефонның суреті салынған белгі тұрса ол нені білдіреді?<br>-Мынау медициналық көмек пунктінің белгісі. Автобусттың суреті салынған белгіні көрсеңдер, ол «автобус тоқтайтын аялдама бар» дегенді білдіреді екен<br>Енді машина жолмен жүру үшін, бағдаршамды жасап берейік<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**Дид ойын: «Бағдаршам көздері»**<br>**1-топ:**<br>**Шарты:** Бағдаршам көздерін ретімен жапсыру.<br>**2-топ:**<br>**Шарты:** Бағдаршам көздерін бояу.<br>**Дид ойын: «Сақ бол!»**<br>**Шарты:**Қызыл көзін жағады. (қозғалмай тұру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Кіріспе бөлім**<br>Сапқа тұру, әр түрлі бағыт-та жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша<br>шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұру.<br>**Негізгі бөлім**<br>**Жалпы даму жаттығулары.** Жіппен. 5 – бөлім.<br>**1.Аяқты алшақ қою.** Жіпті омырауға ұстау, алға созу, жоғары көтеру,<br>алға соу, бастапқы қалып. 5рет.<br>**2. Отырып, тұру.** Жіпті омырауға ұстау, отырып жіпті алға, созу,<br>тұру бастапқы қалып. 4-5 рет.<br>**3.Отыру.** Аяқты алшақ қою. Жіп ті алға ұстау, еңкейіп оң аяқтың<br>ұшына тигізу, солай сол аяққа. 5-рет<br>**4. Арқамен жату.** Жіпті бастан асыра ұстау, аяқты көтеріп жіпті аяқтың<br>ұшына тигізу.Оң аяқ, сол аяққа. 5-рет.<br>**5. Жіп жерде.** Қолды белге ұстап жіптен секіру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:**«ұйқыдағы мысық» «п-ы-р, п-ы-р»деп айту.<br>Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару | **Шығармашылық орталық**<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ:** Трафареттен қойдың суретін мақта таяқшамен бояу.<br>**2-топ:** Тышқанда іннің қасына жапсыру<br>**3-топ:** Құмырсқаны мүсіндеу.<br>**4-топ:** Қиылған суреттерден мұздықұрастыру. | 3.Жануарларға зиян келтірме, қамқорлық жаса! 4.Құстарды өлтірме, ұя жасап қамқорлық көрсет!<br>5.Өсімдіктерді (шөптер, гүлдер) жұлма!<br>**Тиін қуанып тапсырмаларын алып, балалрмен қоштасады**.<br>**Дид ойын: «Табиғатты тазала»**<br>Балаларды топқа бөлу.<br>**1-Топ:**<br>Суреттегі табиғатқа пайдалы заттарды жасыл корзинаға жапсыру.<br>**2-топ**.<br>Суреттегі ағаштарды жасыл түспен бояу<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Кіріспе бөлім**<br>Сапқа тұру, әр түрлі бағыт-та жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша<br>шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұру.<br>**Негізгі бөлім**<br>**Жалпы даму жаттығулары.** Жіппен. 5 – бөлім.<br>**1.Аяқты алшақ қою.** Жіпті омырауға ұстау, алға созу, жоғары көтеру,<br>алға соу, бастапқы | төртбұрыштан, тура жол дөңгелектен басталады. Әр бала өзінің қолындағы пішінге ұқсас жолмен жүру.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Иллюстациялық суреттер қарау.** | Сары көзін жағады. (қол шапалақтау)<br>Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру).<br>**Ой қозғау**<br>**Сұрақ- жауап**<br>Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма?<br>-Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Балаларды мадақтау.**<br>**Сюжеттік рольдік ойын: «Жүргізуші»**<br><br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: «Ойыншықтар»(И.Нүсіпбаев, Н.Әлімқұлов)**<br>**Әуенді –дидактикалық ойын**: «**Әуенді сағат»** ойналады.<br>Дауыс жаттығуына қуыршақтарын ұйықтатып, әлдейлейді.<br>Дауыстарын қатты және жай шығаруға дағдыланады.<br>Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді.<br>Ырғағы мен динамикасын шапалақтап көрсету арқылы есте сақтайды.<br>Балалар шапшаң |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.**<br>-Гимнастикалық орындық үстінен ішімен тартылып жүру.<br>**Қимылды ойын: «Мысық пен торғайлар»**<br>Шарты: Балаларды ептілікке үйрету | | қалып. 5рет.<br>**2. Отырып, тұру.** Жіпті омырауға ұстау, отырып жіпті алға, созу, тұру бастапқы қалып. 4-5 рет.<br>**3.Отыру.** Аяқты алшақ қою. Жіп ті алға ұстау, еңкейіп оң аяқтың ұшына тигізу, солай сол аяққа. 5-рет<br>**4. Арқамен жату.** Жіпті бастан асыра ұстау, аяқты көтеріп жіпті аяқтың ұшына тигізу.Оң аяқ, сол аяққа. 5-рет.<br>**5. Жіп жерде.** Қолды белге ұстап жіптен секіру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:**«ұйқыдағы мысық» «п-ы-р, п-ы-р»деп айту.<br>Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару<br>**Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.**<br>-Гимнастикалық орындық үстінен ішімен тартылып жүру.<br>**Қимылды ойын: «Мысық пен торғайлар»**<br>Шарты: Балаларды ептілікке үйрету | | қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады.<br>**Музыкатыңдау:**«Мәшине» (К. Қуатбаев,Т. Тұяқбаев)<br>Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрену. Мәшине, бағдаршам суреттерін көрсету, әңгімелеу.<br>Жол ережелері туралытүсінік беру.<br>**Ән айту:«Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, Ю. Энтин, аударған И. Сапарбай)**<br>Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету. Айғайламай, дауысқа күш түсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру. Өткен әндерді қайталау. Таныс әндерді естеріне түсіріп, сөздерін анық, таза айтуына мән беру. Таныс әндерді қалаулары бойыншақайталау.<br>**«Ойыншықтар»(И.Нүсіпбаев, Н.Әлімқұлов)**<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**<br>«Бөбектер биі» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | (К.Қуатбаев)<br>Балаларжұптасып тұрады.<br>1-бөлімде бір-біріне қарап тұрып, аяқтарымен жеңіл серіппеліқимылжасайды.<br>2-бөлімдеқол ұстасып айналады.<br>Кел, ойнайық, ойнайық,<br>Қызыққа бір тоймайық!<br>депойынғашақырады.<br>**Дид ойын:**<br>**«Музыкалық қалпақ»**<br>**Шарты:** музыка ойнай бастайды, ол ойнап жатқанда, сіз қалпақты айналдырасыз. Музыка тоқтаған бойда қолында қалпағы бар адам оны басқа баланың басына кигізеді. |
| Серуенгедайындық | **Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсету.**<br>**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Серуен | **Картотека №13**<br>Аула маңындағы көліктерді бақылау. | **Картотека №14**<br>Ауа- райын бақылау | **Картотека №15**<br>Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау. | **Картотека №16**<br>Кемпірқосақты бақылау **.** | **Картотека № 17**<br>«Күз көрінісін бақылау» |
| | **Экологиялық мәдениет қалыптастыру. Серуен кезінде табиғатты қорғау түсініктерін дамыту. Серуен картотекасынан** | | | | |
| Серуеннен оралу | **«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.**<br>Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу<br>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.<br>Түскі асқа дайындық. | | | | |
| Түскі ас | **Үнемді тұтыну түсінігін дамыту.**<br>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күндізгіүйқы | **Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | **№ 12. 1. Ояну**<br>Күнге қарап күлімдеп<br>Көзімізді ашамыз<br>Бойды түзе, көтер басты<br>Сергіп ұйқы ашамыз | **№13. 1.Ояну**<br>Ұйқымызды ашайық<br>Қолымызды созайық<br>Енді қане бәріміз,<br>Жаттығуды жасайық. | **№14. 1.Ояну**<br>Бойымызды жазайық,<br>Қолымызды созайық.<br>Жаттығулар жасайық.<br>Ұйқымызды ашайық. | **№15. 1.Ояну**<br>Кел балалар тұрайық,<br>Қолымызды жоғары созайық.<br>Еңкейеміз еденге,<br>арқамызды тік ұстап,<br>Бір демалып алайық. | **№16 1.Ояну**<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар |
| | **«Еңбегі адал жас өрен» -ұйқыдан тұру кезінде жаттығу жасау, киіну, өз-өзіне қызмет жасауға баулу.<br>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан** | | | | |
| Бесінас | **Үнемді тұтыну дағдысы.**<br>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітап тарқарау және тағы басқаәрекеттер) | **Балық**<br>Балықтар туралы толық түсінік беру, балықты бейнелеуге деген қызығушылығын ояту. Балықтың түрлерімен таныстыру. Балықты дұрыс бейнелеуге үйрету.<br>**Тұзбен салу. Бояулар, қылқалам,**<br>**су ыдысы, қол сүлгі** | **Жазғы ағаштар.**<br>Графикалық техниканың жаңа түрімен - «өсімдік басуымен» таныстыру. Композиция, түстерді қабылдау сезімдерін дамыту | **«Жаңбырлы ауа-райы»**<br>Мақта таяқшаларымен сурет салу техникасымен танысу үшін біз қағаздың бүкіл бетіне нүктелік, ритмикалық және біркелкі қолдану қабілетін қалыптастырамыз. | **«Жұлдызды аспан»**<br>Түнгі аспанға балауыз шам арқылы бейне беру.<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Негізгі бөлім. Амандасу Қонжықпен ойнаймыз (таза ауада)**<br>Педагог: Балалар, мен жұмбақ жасырайын:<br>Қаһарлы қыста ол ұйықтап,<br>Саусағын сорып жатады.<br>Күлімдеп көктем келгенде,<br>Ұйқысынан тұрады. Ол не?... (аю).<br>- Иә, бұл – аю. Бүгін бізге ойыншық қонжық қонаққа келді, өзімен бірге бір себет жаңғақ әкелді. Біз онымен бірге ойнаймыз, жүгіреміз, секіреміз. Ал алдымен біз | **Әдемі гүлдер щетка әдісі**<br>Тіс щеткасы мен тамшыларды шашырату техникасын енгізу. бояуды кішкене алуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қонжыққа қалай әдемі жүре алатынымызды көрсетейік.<br>Бір-бірден тізбекке тұру. Бірінің артынын бірі жүру.<br>Ал енді қандай жылдам екенімізді көрсетеміз.<br>Жүгіру.<br>Ал енді қандай епті әрі күшті екенімізді көрсетеміз. Шеңберге тұруды ұсынады.<br>«Қазір қонжық әрқайсымызға бір-бірден жаңғақ береді.<br>Біз оған жаңғақпен қандай жаттығу жасауға болатынын көрсетеміз.<br>**Негізгі бөлім. Жаңғақтардың көмегімен жалпы дамыту жаттығуларын орындау.**<br>**Жаңғақтар шыршадан түседі, Балалар оны тездетіп тереді.**<br>Б.қ. – аяқтары иықтарымен сәйкес қашықтықта, жаңғақ ұстаған қолдары төменде.<br>1-қолдарын жоғары көтереді, керіледі, жаңғақты жерге тастайды, отырады, жаңғақты жерден көтереді, түзеледі (4 рет қайталайды).<br>**Бұта түбінде жаңғақ** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **домалады, Жасырынып ол қалды.**<br>Б.қ. – аяқтарын алшақ қойып отырады, қонжықты қолдарына ұстап тізесіне қояды.<br>1-2 – алға қарай иіледі (тізелерін бүкпеуге тырысады) жаңғақты аяқтарының арасына қояды, 3-4 – түзеледі, шапалақтайды, 5-6 – алға қарай еңкейеді, жаңғақты алады, 7-8 – түзеледі, жаңғақты жоғары көтереді (4 рет қайталайды).<br>**Шалқалап жатады, жаңғақты екі қолда ұстап басынан жоғары көтереді.**<br>1-2 – аяқтарын жоғары көтереді, қолдарын жоғары көтеріп алға қарай созады, табанын жаңғаққа тигізеді, 3-4 – б.қ. алғашқы кезеңге келеді (4 рет қайталайды).<br>**Жаңғақтар ойнайды шаттанып, Секіріп, жүгіріп, қуанып.**<br>Б.қ. – аяқты бірге қосады, бір қолмен жаңғақты ұстайды. Бір орында секіреді (20–30 сек)<br>Тыныс алу жаттығуы: «Ботқа пысты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шығару. «пы-х, пы-х ,пы-х» деп айту.<br>Қимылдың негізгі түрлері:<br>І. **«Жолдан өту»**<br>«Кәнеки, қонжықты жолдан өтуге үйретейік». Бірінен соңы бірі сапқа тұрып басты солға және оңға бұрып «жолмен» жүру (2 рет қайталайды).<br>**2.«Секірейік»**<br>«Ал енді қонжықты дұрыс секіруге үйретейік»<br>Сызық үстінен екі аяқпен секіру. Екі аяқпен бір мезетте итеріліп секіруге назар аударамыз.<br>Аз қозғалысты ойын:<br>Қим ойын: «Допты домалат»<br>Нұсқаушы қонжықпен бірге допты қолына ұстап, шеңбердің ортасына тұрады. Ол допты әр балаға кезегімен домалатады. Ойын 2 рет қайталанады. | |
| | **Дәстүрден тыс сурет салу . Шығармашылық дағдыларын , зерттеу іс – әрекетін дамыту картотекасынан** | | | | |
| Балалармен Жеке жұмыс | **Дид ойын: «Не артық?»**<br>Мақсаты: Суретте тұрған артық затты таба біледі. | **Дид ойын: «Гүлдер біздің досымыз»**<br>Мақсаты: балалар гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, суару, қопсыту дағдыларын меңгереді. | **Дид ойын: «Құстарға көмектесеміз?»**<br>Мақсаты: Балалар құстар туралы түсіне отырып, құстарға қамқорлықпен қарауды біледі.<br>. | **Дид ойын: «Қоянға көмектесеміз»**<br>Мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай | **Дид ойын: «Жеке атауын ата»**<br>Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап,түстерін, пішіндерін ажырата біледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ажыратуды біледі. | |
| Серуенге дайындық | **«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет**<br>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | | | | |
| Серуен | **Картотека №13**<br>Аула маңындағы көліктерді бақылау. | **Картотека №14**<br>Ауа- райын бақылау | **Картотека №15**<br>Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау. | **Картотека №16**<br>Кемпірқосақты бақылау . | **Картотека № 17**<br>«Күз көрінісін бақылау» |
| | **Еңбегі адал жас өрен, серуен кезінде еңбек дағдыларын, экологиялық мәдениетті дамыту**<br>**Таңғы серуенді бекіту.** | | | | |
| Балалардың Үйге қайтуы | **Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.** | | | | |
| | **Ата-аналарға кеңес:**<br>«Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | **Кеңес:** мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | **Кеңес:**<br>«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру |

Ұйымдастырылған іс әрекеттер күні бойы жүргізіледі.

**Тәрбиеші :** Айнадинова Гулбану Агимакызы
Жолдыбаева Жансая Серіккызы

Әдіскер : Жетмекова

Тексерілді:

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
**Топ:** «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:**3- жа
Жоспардың құрылу кезеңі : 23. 09 – 27.09.2024ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Күй күмбірі – ұлттық құндылық, ұлттық өнерге баулу.**<br>Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | **Өнегелі -15 мин.**«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.<br>Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары | **Картотека № 18**<br>**Дид ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?»**<br>**Мақсаты:** суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін біледі. | **Картотека № 21**<br>**Дид ойын: «Балық аулау»**<br>**Мақсаты:** сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамиды. | **Картотека № 20**<br>**Дид ойын: «Орнын тап»**<br>Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқып суреттен таба біледі. | **Картотека № 17**<br>**Дид ойын: «Жеке атауын ата»**<br>Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап,түстерін, пішіндерін ажырата біледі. | **Картотека № 15**<br>**Дид ойын: «Құстарға көмектесеміз?»**<br>Мақсаты:<br>Балалар құстар туралы түсініп, өз ойын айта алады. |
| , Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан** | | | | |
| Таңертенгіжаттығу | Қыркүйек айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген<br>**Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау** | | | | |
| Таңғыас | **Үнемді тұтыну ережелерін түсіндіру.**Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру.<br>**Қауіпсіздік ережелері- тамақ ішу кезінде, құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту.**<br>Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Балалар кітапханасы»-жобасы** | | | | |
| | Мына аспан астында<br>Жақсы дос көп табылар<br>Мен де соның бірімін,<br>Сыйлығымды ал | Ашық менің жүрегім<br>Ылғи күліп жүремін.<br>Бірге ойнапғ бір жүрер<br>Достарым көп, білемін! | Сиқырлы айнадан<br>Өзімді көрермін.<br>Бақыттан жайнаған.<br>Көзімді көремін | Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөгеленген шеңберді. | Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. |
| Білімберуұйымыныңкестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет. | **Қызығушылықты ояту**<br>**Сөздік ойын: «Күн шуағы».**<br>Педагог сандықтан арнайы жасалған ойыншық күнді шығарады.Бір-бірлерінекүнді ұсынып, тілектерайтады | **Қызығушылықты ояту. Дид ойын: «Сөйлеп тұрған кім?»**<br>Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп | **Көркем сөздер әлеміне саяхат.**<br>**Миға шабуыл**<br>**Мақал айтам өзіңе**<br>**-**Диқан жерді анасындай сүйеді, | **Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Дамытушы ортамен жұмыс.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»** | **Тосын сәт.**<br>**Есік қағылады.**<br>Бұл кім екен? Балалар бізге қонаққа дәрігер Айболит келді.<br>Дәрігер Айболит: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (педагогтіңкөмегімен).<br>**Ойын:«Бізсаяхатжасаймыз ».**<br>Тамаша ғой бақшамыз,<br>Саяхатқа шығамыз.<br>Алға басып келеміз,<br>Бәрін,бәрінбілеміз<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>«Балабақша бөлмелері».<br>-Мынау – дәрігер бөлмесі. Дәрігер отырады. Дәрігер балаларды емдейді.<br>Мынау–ас үй. А сүйде аспаздар балаларға ас дайындайды.<br>Мынау–музыка залы. Музыка залында кімдер бар? Музыка залында музыка жетекшісі,балалар бар. Балалар би билеп,өлең айтады.<br>Мынау–спорт залы. Балалар жаттығулар жасап,спортпен шұғылданады.<br>**Мәтін үлгісі**. Біздің балабақша үлкен. Балабақша әдемі, таза. Балабақшада спорт залы ,музыка залы, асүй, дәрігер бөлмесі, .<br>Музыка залы бар. Спорт залыүлкен.<br>**Сергіту сәті**<br>Біз балалар бағында,<br>Тұрамыз өте көңілді.<br>Көп болсақ та достықпен.<br>Өткіземіз өмірді<br>**Ғажайып сәт.** | тұрғанын анықтайықшы:<br>1) Балмұздақ сатамын! Балмұздақ!<br>2) Жүріңіз қай жаққа апарып тастайын?<br>3) Қай жеріңіз ауырып тұр? Қазір ыстығыңызды өлшейін.<br>4) Шашыңызды қандай үлгіде қиып берейін?<br>5) Бүгінгі сабақта біз балалар қысқы табиғат туралы әңгімелесеміз.<br>6) Мен манты жасап жатырмын, қазір дайын болып қалады.<br>**Балалардың жауаптары.**<br>Жарайсыңдар!<br>- Міне бұл мамандықтар әлемі.<br>Ешдеше осы мамандықтар әлеміне саяхат жасап қайтамыз ба.<br>**Дамытушы ортамен жұмыс**.<br>**Аурухана**<br>Мына жерде не көріп тұрсыңдар?<br>Бір бала: Мен дәрігер боламын<br>Үлкеннің де баланың<br>Қиналғанда қасына<br>Бірінші болып барамын<br>Дәрігер қандай мамандық иесі екен?<br>Дәрігер ауруханда жұмыс істейді. Дәрігер балалардың ауырып қалмауын қадағалайды | **Жер диқанын баласындай сүйеді.**<br>-Шебердің инесі де алтын,<br>**Соққан күймесі де алтын**.<br>-Жақсы дәрігер ауруды жазады,<br>**-жаман дәрігер ауруға ауру қосады**<br>**-Қай мамандық туралы айтылған?**<br>**Ой қозғау.**<br>**Жұмбақтар әлемі**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Өскен шашты жаратпайтын<br>Қайшысы бар жалақтайтын. **(шаштараз)**<br>Оның тіккен бұйымы,<br>Аяғыңды қаптайды,<br>Шыға қалса жұлымы,<br>Әдемілеп баптайды **(етікші)**<br>Дабылға тез жететін,<br>Жалынға сүңгіп кететін.<br>Қақалса да түтінге,<br>Тайсалмайтын батыл кім,<br>Жасқанбайтын батыр кім?<br>**(Өрт сөндіруші)**<br>-Бал татыған мәзір,<br>Ол бар жерде әзір. **(аспаз)**<br>Күміс қанат, сұңқары,<br>Көкке еркін сүңгиді.<br>Бұлттан да тым әрі,<br>Кеткен жанды кім дейді?<br>**(Ұшқыш)**<br>Жалтылдап қалағы,<br>Салатын кім қаланы?<br>**(құрлысшы)**<br>**Ой дамыту**<br>**«Мамандықтар»**<br>**С.Әкірамұлы** | **Жұмбақ жасыру.**<br>-Бал татыған мәзір,<br>Ол бар жерде әзір.**(аспаз)**<br>-Өскен шашты жаратпайтын,<br>Қайшысы бар жалақтайтын.**(шаштараз)**<br>-Басқа қандай мамандық иелерін білесіңдер?<br>-Мамандықтар туралы түсінік беру.<br>**Дид ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Шарты:** Суреттің қиылған бөлігін тауып, қай мамандық екенін тез айту.<br>**Ой қозғау.**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Мамандық дегеніміз не?<br>-Мынау қай мамандық иесі.<br>-Ол не істеп жатыр?<br>-Ол мамандық иесінің бізге қандай пайдасы бар?<br>-Олардың атқаратын қызметі не?<br>**Дид ойын: «Өз затын тауып бер»**<br>**Шарты:** Кір қыстырғышпен әр мамандықтың затын өз тұсына қыстыру<br>**Сөздік жұмыс жүргізу.**<br>Кәсіп, қияды, емдейді, шабыттанады,<br>**Сергіту сәті.** | Сәлеметсіздер ма балалар. Мен сендерге қонаққа келдім, мен аңдарды емдеп, енді сендердің денсаулық-тарыңды тексеруге келдім.<br>Дид ойын: «Дәрігер заттарын ата»<br>Шарты: Дәрігер заттарын атап айту<br>Қазір мен сендердің күлімдеген көздеріңді, қызғылт түсті беттеріңді және әдемі күлкілеріңді, тістеріңді қарағым келіп тұр. Балалар қуана қарсы алады. Дәрігер Айболит балаларға жақындап, олардың бастарын сипалап, денсаулықтарын сұрайды.<br>Айболит енді сенderден көмек сұрағым келіп тұр. орманда бір маймыл бүкіл заттарды араластырып жіберіпті, соны өз орнына қоюға көмектесіңдер.<br>**Дид ойын:**<br>**«Өз орнына сал»**<br>Шарты: Заттарды өз жұбына қою.<br>Мыс: Балға –балта, ручка-дәптер, шприц-дәрі т.б<br>Айболит: Балалар: Аңдарға күнде нүктелі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Амандасады. Бәрін ойын ойнауға шақырады<br>**Ойын: «Кім тапқыр?».**<br>**Өткен «Балабақша бөлмелері»** тақырыпты қайталау, педагогтің айтқан сөздеріне сәйкес қима суреттерді көрсету. Балалар әр дұрыс жауап үшін бір фишкадан алады,ойын соңындафишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br>**Ойын:«Бізсаяхатжасаймыз ».**<br>**Тамаша ғой бақшамыз,**<br>**Саяхатқашығамыз.**<br>**Алға басып келеміз,**<br>**Бәрін,бәрінбілеміз.**<br>Балалар топтарына саяхатқа шығады.<br>Бұл – сендердің топтарың.<br>Мынау – топ бөлмесі. Топта не бар?<br>**Ойын: «Біреу – көп».**<br>Педагог заттарды жекеше, көпше түрде айтуға үйретеді.<br>ойыншық – ойыншықтар<br>кереует – кереуеттер,<br>гүл– гүлдер<br>үстел–үстелдер, орындық–орындықтар<br>**Шығармашылық бұрыш.**<br>**Кішкентай суретшілер**<br>Балаларды топқа бөлу.<br>1-Топ. Кереуетті құрастыр<br>2-топ: Қуыршақты жапсыр<br>3-топ: Орындықты мүсінде | **Дид ойын:«Танып біл»**<br>- Мынау не балалар? - Ине<br>- Иә бұл ине, ал мынау стетаскоп бұл құралмен біздің кеудемізді тыңдап, қай жеріміз ауырып тұрғанын анықтайды. Ал мынау дәке, мақта. Дәрігерлерге рақмет айтып, дәрілерін салатын қораптарын бояп береміз.<br>**Дид ойын «Әдемі қораптар»**<br>**Шарты:** Қораптарды бояу.<br>**2 – дамытушы ортаға саяхат Асхана**<br>- Балалар, мынау асхана. Асханада кімдер жұмыс істейді? Аспаз.<br>- Мынау не балалар? Электр пеші<br>- Асханада қандай құралдар бар?<br>- Шыны, пияла, тәрелке, қазан кастрөл.<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Кесе – шыны пиала,<br>Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>**(Ыдыс - аяқ)**<br>Асханаға сыйлыққа кесе мүсіндеп береміз.<br>**Дид ойын: «Әдемі кеселер»**<br>**3 –Дамытушы ортада**<br>- Ал енді балалар біз қайда келдік? | Теміржолшы атам да,<br>**Шығады алыс сапарға.**<br>**Дид ойын: «Бөлігін тап»**<br>**Шарты:** Поезд құрастыру<br>Сәнді киім тігетін,<br>**Тігінші ғой апам да.**<br>**Дид ойын: «Гүлді көйлек»**<br>**Шарты:** Тігінші тіккен көйлектің гүлдерін бояу<br>Әкем құрылыс салады,<br>**Көркейтеді қаланы.**<br>**Дид ойын: «Ғимарат»**<br>**Шарты:** Ғимараттарға терезе жапсыру.<br>Анам менің ұстаз ғой,<br>**Оқытқан бар баланы.**<br>Пайдасы көп елге оның,<br>**Салады ағам ел жолын.**<br>Әпкем менің дәрігер,<br>**Жасайтұғын ем-домын.**<br>Білікті ғой бар маман,<br>**Ұшқыш та бар самғаған.**<br>Болашаққа жол алдым,<br>Кемелденіп толамын.<br>Бір мамандық иесі,<br>Мен де өскенде боламын.<br>**Дид ойын: «Өз үйіне орналастыр»**<br>Шарты: Үстел үстіне түрлі мамандық иелеріне қажет құралдарды қойып, ойын шартын түсіндіремін. Екі бала екі түрлі мамандық иесіне қажет құралдарды екі үстелге бөліп жинайды (шаштараз-аспаз, мұғалім-дәрігер)<br>**Сұрақ-жауап.**<br>Өскенде кім болғың келеді? | **Көркем сөз Тақпақ жаттау**<br>**«Дәрігер»**<br>Ден саулығын баланың,<br>Ден саулығын ананың.<br>Ден саулығын қарттыңда,<br>Қамқорлыққа аламын<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Мамандық,кәсібі, еңбектену,жұмыс жасау т.б.<br>**Дид ойын: «Кімге керек?»**<br>**Балаларды топқа бөлу**<br>Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін түсіндіру.<br>**1-топ** Құрлысшы қалағын мүсіндеу.<br>**2-топ.** Дәрігер құралын<br>**3-топ.** Полиция таяғын мүсіндеу.<br>Сипаттама беру.<br>**Қортынды:**<br>**Сұрақ –жауап.**<br>Мамандық деген не?<br>Түрлерін атау.<br>Балаларды мадақтау. | жаттығу жасаймыз, ал сіздер жасайсыздар ма? Әрине дәрігер біз күнде нүктелі жаттығулар жасаймыз.<br>**1. Мұрын саусақ ұшымен айналдырайық;**<br>**2. Қасымызды бармақпен айналдырайық;**<br>**3. Құлағымызды саусақ ұшымен айналдырайық;**<br>**4. Маңдайымызды саусақ ұшымен айналдырайық.**<br>Дәрігер Айболит: жарайсыңдар балалар, сендер жаттығуды жақсы біледі екенсіңдер, мен сендерге ризамын сол үшін сендерге тазалық сақтайтын құралдарды беремін, мен енді кетейін аңдар мені күтіп жатыр, ал сендерге айтарым, өздеріңді таза ұстаңдар, ауырмайық, әрдайым көтеріңкі көңіл күйде болыңдар, жақсы сау болыңыздар.<br>**Қортынды**<br>Сұрақ- жауап<br>Балаларды мадақтау.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: Кәне,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4-топ: Гүлдің суретін сал<br>Қортынды<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Негізгі бөлім. Амандасу**<br>**Қонжықпен ойнаймыз (таза ауада)**<br>Педагог: Балалар, мен жұмбақ жасырайын:<br>Қаһарлы қыста ол ұйықтап,<br>Саусағын сорып жатады.<br>Күлімдеп көктем келгенде,<br>Ұйқысынан тұрады. Ол не?... (аю).<br>- Иә, бұл – аю. Бүгін бізге ойыншық қонжық қонаққа келді, өзімен бірге бір себет жаңғақ әкелді. Біз онымен бірге ойнаймыз, жүгіреміз, секіреміз. Ал алдымен біз қонжыққа қалай әдемі жүре алатынымызды көрсетейік.<br>Бір-бірден тізбекке тұру.<br>Бірінің артынын бірі жүру.<br>Ал енді қандай жылдам екенімізді көрсетеміз. Жүгіру.<br>Ал енді қандай епті әрі күшті екенімізді көрсетеміз.<br>Шеңберге тұруды ұсынады.<br>«Қазір қонжық әрқайсымызға бір-бірден жаңғақ береді.<br>Біз оған жаңғақпен қандай жаттығу жасауға болатынын көрсетеміз.<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Жаңғақтардың көмегімен жалпы дамыту** | - Дүкенге<br>- Дүкенде кім бар?<br>- Дүкенші<br>- Балалар дүкеннің бірнеше түрі болады. олар: азық - түлік дүкені, киім дүкені, ойыншықтар дүкен.<br>- Біз қандай дүкенге келдік? Ойыншық дүкеніне<br>- Дұрыс, дүкенде ойыншықтар сатылады екен.<br>- Қандай ойыншықтар көріп тұрсыңдар?Атау<br>**4- Дамытушы ортада**<br>-Бұл қандай мамандық түрі екен?<br>- Шаштараз мамандығы.<br>- Балалар, біздің шашымыз өсіп кеткенде кімге келеміз? Шашатаразға.<br>**Қане шаштараз туралы тақпақ айтайық.**<br>Қолымда қайшы тарағым<br>Тәртіпке шашты салатын<br>Мен шаштараз боламын.<br>**Дид ойын: «Шаштараз заттарын ата»**<br>Тарақ, айна, қайшы, шаш кептіргіш.<br>**5-Дамытушы ортада.**<br>- Балалар мынау құрылыс алаңы. Құрылысшы не салады? Үй салады.<br>- Ал мынау қандай құрал?<br>- Қалақ.<br>**Бір бала: Қолда темір қалағым.**<br>**Саздан сарай саламын** | **Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау**<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Кіріспе бөлім. Амандасу**<br>Педагог балалардың назарын нәрестелердің фотосуретіне аударады.<br>Кішкентай бөбектерге айналып, өздеріне сылдырмақтар таңдап алуды ұсынады<br>Бір-бірлеп сапқа тұрып сылдырмақтарды қолға ұстап жүру және жүгіру – бір қарқын және нық қадамды сақтау.<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Жалпы даму жаттығулары: Сылдырмақпен**<br>**1.Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, сылдырмақ кеудеде.**<br>Сылдармақты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ. Келу<br>**2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:**<br>Сылдырмақты алға созу. Отыру, тұру. Б. қ. Келу<br>**3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:**<br>Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, сылдырмақ кеуде тұсында.<br>Сылдырмақты алға созу. Еңкею, сылдырмақты тізеге тигізу.<br>**4.Б. қ.: тік тұру, сылдырмақты қос қолмен** | | **қызық ойын бар**<br>Балаларды көңілді қарсы алады.<br>Кәне, кәне, тұрыңдар,<br>Үлкен шеңбер құрыңдар!<br>Қанаттыкең жайыңдар!<br>«Көбелек» биін (М. Жәутіков) («Билеп үйренейік» жинағынан) қайталауды ұсынады.<br>Би қимылдарын қайталау, өз беттерінше еркін билеуге мүмкіндік беру.<br>**Музыкатыңдау:**«Мәшине»(К. Қуатбаев,Т. Тұяқбаев)<br>Әннің мазмұны мен әуенінің ырғағын ажыратуға үйрену.<br>Мәшине, бағдаршам суреттерін көрсету, әңгімелеу. Жол ережелері туралы түсінік беру.<br>**Ән айту:«Кәне, қызық ойын бар» (эстон халық әуені, Ю. Энтин, аударған И. Сапарбай)**<br>Әннің әуенін үйрену, мазмұнына сәйкес қимыл жасауға үйрету.<br>Айғайламай, дауысқа күш түсірмей дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>Өткен әндерді қайталау.<br>Таныс әндерді естеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жаттығуларын орындау. Жаңғақтар шыршадан түседі, Балалар оны тездетіп тереді.**<br>Б.қ. – аяқтары иықтарымен сәйкес қашықтықта, жаңғақ ұстаған қолдары төменде.<br>1-қолдарын жоғары көтереді, керіледі, жаңғақты жерге тастайды, отырады, жаңғақты жерден көтереді, түзеледі (4 рет қайталайды).<br>**Бұта түбінде жаңғақ домалады, Жасырынып ол қалды.**<br>Б.қ. – аяқтарын алшақ қойып отырады, қонжықты қолдарына ұстап тізесіне қояды.<br>1-2 – алға қарай иіледі (тізелерін бүкпеуге тырысады) жаңғақты аяқтарының арасына қояды, 3-4 – түзеледі, шапалақтайды, 5-6 – алға қарай еңкейеді, жаңғақты алады, 7-8 – түзеледі, жаңғақты жоғары көтереді (4 рет қайталайды).<br>**Шалқалап жатады, жаңғақты екі қолда ұстап басынан жоғары көтереді.**<br>1-2 – аяқтарын жоғары көтереді, қолдарын жоғары көтеріп алға қарай созады, табанын жаңғаққа тигізеді, 3-4 –б.қ. алғашқы кезеңге келеді (4 рет қайталайды).<br>**Жаңғақтар ойнайды шаттанып, Секіріп, жүгіріп,** | **Астанадан аумайтын Әсем қала саламын.**<br><br>**Қортынды.**<br>Балаларды мадақтау. | **ұстау.**<br>Қос аяқпен секіру. Б. қ.<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш).<br>Терең тыныс алып, демді шығару.<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығу**<br>Төңкеріліп қойылған жәшікке (биіктігі 10 см) көтеріліп, ересектердің көмегімен одан түсу.<br>**Құрлымдалған қимылды ойын:**<br>«Допты қуып жет»<br>**Ойын шарты:** Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады.<br>Балаларды мадақтау | | түсіріп, сөздерін анық, таза айтуына мән беру. Таныс әндерді қалаулары бойынша қайталау.<br>**«Жай және жылдам» ойыны (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек)**<br>Ән-ойын мәтініне сәйкес 1-шумақта жай және тез қол шапалақтау.<br>2-шумағында жай және тез аяқ топылдату. Әуен ырғағын ажыратып, еркін қозғалуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қуанып.**<br>Б.қ. – аяқты бірге қосады, бір қолмен жаңғақты ұстайды. Бір орында секіреді (20–30 сек)<br>Тыныс алу жаттығуы: «Ботқа пысты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. «пы-х, пы-х ,пы-х» деп айту.<br>Қимылдың негізгі түрлері:<br>I. **«Жолдан өту»**<br>«Кәнеки, қонжықты жолдан өтуге үйретейік».<br>Бірінен соңы бірі сапқа тұрып басты солға және оңға бұрып «жолмен» жүру (2 рет қайталайды).<br>**2.«Секірейік»**<br>«Ал енді қонжықты дұрыс секіруге үйретейік»<br>Сызық үстінен екі аяқпен секіру. Екі аяқпен бір мезетте итеріліп секіруге назар аударамыз.<br>Аз қозғалысты ойын:<br>Қим ойын: «Допты домалат»<br>Нұсқаушы қонжықпен бірге допты қолына ұстап, шеңбердің ортасына тұрады. Ол допты әр балаға кезегімен домалатады. Ойын 2 рет қайталанады. | | | | |
| Серуенгедайындық | **«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет.**<br>**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Серуен | **Картотека № 10**<br>Торғай мен Қарғаны бақылау | **Картотека № 11**<br>Күнді бақылау. | **Картотека №14**<br>ауа- райын бақылау | **Картотека №12**<br>Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. | **Картотека №13**<br>Аула маңындағы көліктерді бақылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Еңбегі адал жас өрен» - серуен кезінде табиғатқа қамқорлық таныту.**<br>**Серуен картотекасынан** | | | | |
| Серуенненорал у | **Үнемді тұтыну.**<br>Қолдарын сабынмен жудыру, жуынғанда суды көп шашпай –төкпей ұқыпты пайдалануды үйрету.<br>Өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу<br>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды үйрету.<br>Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| Түскіас | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары. | **№4**<br>Майтабанның алдын алу.<br>Тырысамыз, тырысамыз<br>Денсаулықты нығайтамыз<br>Аяқ, қол мықты болып<br>Май табаннан арыламыз.<br>Арнай жолдармен жүру,<br>дымқыл жолмен жүру. | **№ 5**<br>Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.<br>Ояту<br>Оянайық балалар<br>Маған тезірек қарандар<br>Шапалақ ұрайық<br>Орнымыздан тұрайық. | **№ 6**<br>Төсекте жатып жасайтын жаттығулар<br>Тыныс алу жаттығулары<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Ести қалып сыбырды<br>Өсіп тұрған сәбізді<br>Жұлып алып иіскеді. | **№7**<br>Майтабанның алдын алу.<br>Ояту<br>Көзімізді ашайық<br>Бойымызды жазайық<br>Терезеге қарап<br>Күн жылуын алайық. | **№10**<br>Төсекте жатып жасайтын жаттығулар<br>Мысықтар<br>Ұйқыдан біз тұрамыз<br>Көзімізді ашамыз<br>Жан-жағымызға қарап<br>Достарымызға күлеміз. |
| | **Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.**<br>**«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет.**<br>**Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан** | | | | |
| Бесінас | **Үнемді тұтыну.** Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| | **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру.**<br>Табиғат кереметтері, табиғатты қорғау, зерттеу жұмысы | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеуәрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | **«Табиғатты аялайық» ойыны**<br>Әр бала тірі табиғат түрлерін плакатқа жапсырып, табиғат көрінісін бейнелей отырып әңгімелейді.<br>Жасыл шөпті жұлуға болмайды, ол біздің жерімізге көрік береді.<br>Ағашты кесуге болмайды, ол бізге таза ауа береді.<br>Суды ластауға болмайды, | **Ой қозғау.**<br>«Неге біз орманмен доспыз?<br>Ал бұл адамдарға не үшін қажет?<br>Орман ережелерін білеміз бе?<br>**Ереже**<br>Бұтақтарды сындырмаңыз және ағаш қабығын зақымдамаңыз.<br>Орманда қоқыс қалдырмаңыз. | **Миға шабул.**<br>Балалар, егер сендердің қолдарына құс ұшып келіп қонса, не істер едіңдер?<br>Балалардың жауабы.<br>**Дид ойын: «Құстарды ата»**<br>**Шарты:** Сурет бойынша құстарды атау.<br>**Ой қозғау.**<br>**«Құстың ұясы» әңгіме оқып беру, түсіндіру.**<br>Әңгіме желісі бойынша балаларға сұрақ қою | **Ой дамыту**<br>Табиғат бізге жылдың қай мезгілінде де өзінің кереметін үйретеді.<br>Құстар ән айтуды үйретеді.<br>Егістік пен бақшадағы аралар бізге еңбек етуді үйретеді.<br>Қар тазалыққа, күн мейірімділікке үйретеді.<br>Барлық орман тұрғындары берік достыққа үйретеді.<br>Жыл бойы табиғаттан көп нәрсені үйрену керек. | Қауіпсіздік ережелері.<br>**Ойын: «Сақ бол!»**<br>Қызыл көзін жағады. (қозғалмай тұру)<br>Сары көзін жағады. (қол шапалақтау)<br>Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру).<br>Балалар ойынды қызыға ойнады.<br>**Сұрақ- жауап алу.**<br>Үлкен жолда доп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сусыз өмір жоқ.<br>Гүлді жұлуға болмайды, гүлді аялау керек.<br>Көбелекті өлтірмеңдер, ол — әдемілік белгісі.<br>Құсты атуға болмайды, құс — адамның досы.<br>Аңдарды қорғауымыз керек, олар біздің байлығымыз.<br>**Ой толғаныс.**<br>Сұрақ – жауап.<br>-Айналамызды қоршап , жайқалып өскен ағаштар не үшін керек?<br>Табиғат байлықтарына нелер жатады?<br>-Оны қорғау деген не?<br>-Табиғатты сүйе білу деген не?<br>**Қорытындылау.** | Құстардың ұяларын бұзбаңыз.<br>Құмырсқа илеулерін жоймаңыз.<br>- Гүлдерді қолдарыңызбен сындырмаңыз<br>**Дид ойын: «Топтастыр»**<br>**Шарты:** Тірі және өлі табиғат заттарын сурет арқылы топтастырып жинау.<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ:** Өлі табиғатқа жататын заттардың бөлігін құрастырып, жапсыру.<br>**2-топ:** Қорапты жасылға бояу. Тірі табиғат заттарының жасыл қорапқа салу.<br>Балаларды мадақтау. | Балалар ойнап жүріп нені көрді?<br>Ұяда не бар екен?<br>Балалар не істеді?<br>Балалапанды үйіне алып келгеннен кейін не болды?<br>Әкесінің сөзінен кейін балалар ?<br>Балалардың жасағаны дұрыс па?<br>Балалар не істеу керек еді?<br>**Топқа бөлу.**<br>1- ші топ геометриялық пішіндер арқылы құстарға ұя жапсырады.<br>2-ші топ қиылған бөлшектерден белгілі бір құстың суретін құрастырады.<br>2 топқа жұлдызша беру.<br>**Дид ойын: «Құсты ұясына қондыр»**<br>Шарты. Балалар жасаған құсты ұяға қондыру.<br>**Дид ойын. «Құстар қалай дауыстайды?»**<br>Қарға------ қарқылдайды<br>Сауысқан----- шақылдайды<br>Тоқылдақ --------тоқылдайды<br>Бұлбұл – сайрайды<br>Қаз – қаңқылдайды.<br>Торғай – шиқылдайды.<br>Көкек – көкектейді.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Қорытынды.**<br>Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау. | **Біз кішкентай ғалымға айналып, Зерттеуші болайық.**<br>**Эксперимент №1 «Топырақ бізге не үшін керек?»**<br>**Мақсаты:** балалардың жердің жұмсақ, ұсақ түйіршіктерден тұратын, суды оңай өткізетін, құрғақ және ылғалды қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Ресурс:** Топырақ, таяқша, су құйылған ыдыс, елеуіш, құм салынған ыдыс және оның ішінде құрап қалған өсімдік өскіні бар.<br>Балалар гүлдерді қайда өсіру керек ? гүл біздің құм жәшігімізде өседі .<br>**Ойын әрекеті : Кесекті сындырамыз.**<br>Мына жерде топырақ тұр. Жер әртүрлі кесектерден тұрады. Кесектерді бөлшектейік.<br>Қол тигізгенде топырақта қандай түйіршіктер пайда болады? Жұмсақ<br>**Зерттеу: «Елеуіш»**<br>Мына топырақтарды ыдыстарға салып, електен өткіземіз.<br>**Қортынды: Топырақ електен өтті ме?** Барлығы өткен жоқ. Електің түбінде не қалады? **Кесектер.** | ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма?<br>-Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Балаларды пішіндер арқылы екі орталыққа бөлеу**<br>1- орталықтағы балаларға өздеріне бұрыннан таныс бағдаршамның суретін салуды тапсыру.<br>2- орталықтағы балаларға бірнеше бөлікке бөлінген сурет қиындыларынан жол белгілерін құрастыруы тапсыру.<br>**Бағдаршам өлеңі**<br>С. Дүкенбай.<br>Бағдаршам біледі,<br>Бәрін де көреді.<br>Адам да, көлік те,<br>Сол шаммен жүреді.<br>Бағдаршам, бағдаршам.<br>**Балаларды мадақтау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Эксперимент №2**<br>**Дид ойын: «Құм су ішеді»**<br>**Мақсаты:** Құммен жұмыс істеуге, тәжірибе жасауға қызығушылықтарын дамыту.<br>Ойын барысы:<br>Балаларға құрғақ құмнан үлкен төбе жасап көрсету. Төбенің жоғарғы бөлігінне жұдырықпен ойпат жасап, оған мұқият жұқа ағынмен су құямыз. Төбеде тағы бір ойпат қалыптасады, ондағы су бірте-бірте жағаларға сіңіп кеткен көлге ұқсайды.<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Кіріспе бөлім. Амандасу**<br>Педагог балалардың назарын нәрестелердің фотосуретіне аударады.<br>Кішкентай бөбектерге айналып, өздеріне сылдырмақтар таңдап алуды ұсынады<br>Бір-бірлеп сапқа тұрып сылдырмақтарды қолға ұстап жүру және жүгіру – бір қарқын және нық қадамды сақтау.<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Жалпы даму жаттығулары: Сылдырмақпен**<br>**1.Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, сылдырмақ кеудеде.**<br>Сылдармақты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ. Келу | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:**<br>Сылдырмақты алға созу.<br>Отыру, тұру. Б. қ. Келу<br>**3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:**<br>Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, сылдырмақ кеуде тұсында.<br>Сылдырмақты алға созу.<br>Еңкею, сылдырмақты тізеге тигізу.<br>**4.Б. қ.: тік тұру, сылдырмақты қос қолмен ұстау.**<br>Қос аяқпен секіру. Б. қ.<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш).<br>Терең тыныс алып, демді шығару.<br>**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығу**<br>Төңкеріліп қойылған жәшікке (биіктігі 10 см) көтеріліп, ересектердің көмегімен одан түсу.<br>**Құрлымдалған қимылды ойын:**<br>«Допты қуып жет»<br>**Ойын шарты:** Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Балаларды мадақтау | |
| Балалармен Жеке жұмыс | **Дид ойын:«Орнын тап»** **Мақсаты:** балалар өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтап, суреттен таба біледі. | **Дид ойын:«Балабақша»** **Мақсаты:** балабақша қызыметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата біледі | **Дид ойын:** **«Не қайда тұрады?»** **Мақсаты:** Ойын арқылы балалар заттың орналасу ретін біледі. | **Дид ойын:** **Танып ал да, атын ата** **Мақсаты:** заттың түр-түсін, пішінін, атын атай алады. | **Дид ойын:** **«Әдемі гүл»** Ойынның мақсаты: түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіре алады. |
| Серуенге дайындық | **«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет.**Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | | | | |
| Серуен | **Картотека №11** Күнді бақылау. | **Картотека №17** «Күз көрінісін бақылау» | **Картотека №18** Күзгі жапырақтарды бақылау. | **Картотека №19** Жаңбырды бақылау. | **Картотека №20** Жәндіктерді бақылау. |
| | **«Еңбегі адал жас өрен» - серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру. Табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | **«Өнегелі 15 минут»** **Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің көшеде, үйде қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.** | | | | |
| | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу. | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. | Ата-анаараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту. | Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру. | Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу. |

Ұйымдастырылған іс әрекеттер күні бойы жүргізіледі.

**Тәрбиеші :** Айнадинова Гулбану Агимакызы
Жолдыбаева Жансая Серікқызы

Әдіскер : Жетмекова

Тексерілді:

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
**Топ:** «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:**3- жа

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Күй күмбірі – баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.<br>Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | «Өнегелі 15 минут»«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.<br>Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер | **Картотека № 3**<br>**Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»**<br>Мақсаты: Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба алады. | **Картотека №4**<br>**Дид ойын: «Экологиялық бағдаршам»**<br>Мақсаты: Балалар мақал-мәтел, тақпақтар, тиым сөздер арқылы табиғат туралы түсінеді. | **Картотека № 7**<br>**Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»**<br>**Мақсаты:** балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау дағдыларын түсінеді. | **Картотека № 9**<br>**Дид ойын: «Құстарға көмек береміз»**<br>**Мақсаты:** Балалар құстар туралы суреттермен жұмыс жасап, өз ойларын айта алады. | **Картотека № 10**<br>**Дид ойын: Бақша да ма,бау да ма?**<br>**Мақсаты:** Жемістер мен көкөністер туралы олардың айырмашылық-тарын айта алады. |
| | **Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан** | | | | |
| Таңертенгіжаттығу | Қазан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген<br>**Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау** | | | | |
| Таңғыас | Үнемді тұтыну - «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»<br>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | «Балалар кітапханасы» жобасы аясында. | | | | |
| | Жарқырап күнде ашылды,<br>Айналаға нұр шашылды.<br>Қайырлы күн!<br>Біз көңілді баламыз!<br>Қайырлы күн!<br>Біз сүйкімді баламыз | Күлімдеген күн мейірімді!<br>- Кіршіксіз ақ қар мейірімді!<br>- Таза мөлдір су мейірімді!<br>- Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді! | Күн нұрындай көңілім,<br>Даламдай кең пейілім.<br>Жүрегім толы мейірім,<br>Бәріне ортақ шуағым,<br>Қайырымдыболамын. | Қайырлы таң балалар!<br>Жарқырады қаламыз,<br>Жайнай түсті даламыз,<br>Қайырлы таң балалар!<br>Аман Отан панамыз,<br>Аман ата-анамыз,<br>Қайырлытаңбалалар | Қол ұстасып,<br>еніп,<br>Тұра қалдық екеуміз.<br>Өзіміз де дөңгелек<br>Күнге ұқсайды екенбіз |
| Білімберу | Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұйә. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет. | **Тілек шоғы.**<br>Балалар гүл арқылы бір-біріне тілек тілейді.<br>**Миға шабул.**<br>**Жұмбақ жасыру**.<br>Жапырақты бояды,<br>Атырапты бояды.<br>Бояп-бояп барлығын<br>Сап-сары ғып қояды. (Күз)<br>**Дид ойын:**<br>**“Күз белгісі неде?**<br>Күзде жапырақтар… (сарғаяды)<br>Күзде күн … (суып, жаңбыр жауады)<br>Күзде құстар…(жылы жаққа ұшада)<br>Күзде түн…(ұзарады)<br>Күн…(қысқарады)<br>Күзде жеміс-жидек… (піседі)<br>Күзде жазғы демалыс бітіп… (оқу басталады)<br>**Дид ойын:«Жапырақтың түсі қандай?»**<br>**Шарты:** Жапырақтар жинау. Балалар жинаған жапырақтарын ажыратады. (түсін, пішінін айтады)<br>**Қ.Шаңғытбаев**<br>**«Күзгі жапырақтар»**<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырақ,<br>Күзгі бақта күлімдеп.<br>Көз тартады жалбырап<br>Өлең жолдарын қайталау арқылы жаттау.<br>**Ой дамыту. АҚТ тех.** | **Ой қозғау**<br>**Бүркіт Жақыпов. «Күзде»**<br>Алма пісті,Алмұрт пісті,<br>Алша пісті, Жерге түсті.<br>Қияр пісті,Қарбыз пісті,<br>Қауын пісті,Қандай күшті!<br>Жидектердің татып дәмін,<br>Жемістердің жейміз бәрін.<br>**Сұрақ – жауап.**<br>Осы жемістер, көкөністер қай мезгілде піседі?<br>Сонымен өлеңде қай мезгіл туралы айтылған?<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Хатшы хат әкеледі.<br>**Ой қозғау**<br>Хат кімнен келді?<br>Айгүл көмекке шақырыпты.<br>Айгүлге немен барамыз ?<br>Сиқырлы таяқшаның көмегімен барайық.<br>**Сиқырлы сөз:**<br>Қәне, қәне, айтайық<br>Айя бағына, барып қайтайық!<br>Көзімізді ашайық.<br>Айгүлге кездесу.<br>Амандасады.<br>Айгүл бау бақшадағы жеміс пен көкөністерді ажыраталмай жатыр екен. Көмектесеміз бе?<br>**Балаларға көкөністер мен жемістер туралы АҚТ технологиясынан көрсету, түсіндіру.**<br>Айгүлге көмек | **Тосын сәт. Аудио дыбыс.**<br>Күзгі орманнан хабарлама.<br>Құрметті балалар! Мен орманшы атаймын. Күз келіп ормандағы барлық жануарлар қысқа дайындалып жатыр. Сол үшін аңдарға үлкен көмек керек боп тұр .Мен жалғыз өзім үлгере алмай жатырмын. Көмекке келесіңдер ме?<br>**Балалар Күзгі орманға саяхатқа барамыз ба?**<br>Ендеше мына әнді айтып саяхатқа барайық<br>**Музыка.**<br>**«Саңырауқұлақ терeміз»**<br>(Г. Абдрахманова)<br>әніүйретіледі.<br>Би: «Кел, билейік»<br>(Б.Байқадамов, М.Әлімбаев).<br>Орманға келу.<br>**Тиінге кездесу.Тиін ағаш басында өте көңілсіз.**<br>**Тақпақ айту.**<br>**Кәдірбек Құныпияұлы**<br>Ақ тиін-ау, ақ тиін!<br>Сауысқаннан сақ тиін,<br>Жылы ұяңда жат, тиін,<br>Жаңғағыңды шақ, тиін.<br>Тиін көңілденіп балаларға саңырауқұлақ жинап беруін өтінеді.<br>**Дид ойын:**<br>**«Саңырауқұлақтар әлемі»** | **Тосын сәт**. **Қоян келеді.**<br>**Қоян: Сәлематсыздар ма, балалар!**<br>**Балалар қоянмен амандасады.**<br>Сәлематсыз ба қоян, көңілдісің ғой?<br>Қоян: Ия балалар бүгін менің туған күнім, маған қасқыр сыйлық берді. Сыйлығыңды бізге көрсетесің бе? Қасқыр саған не сыйлады екен?<br>**Қоян: Білмедім? Ендеше сыйлықты бірге ашып көрейік.**<br>Қоян: Ой балалар мына қораптың ішінде дым жоқ қой! Сонда мені қасқыр алдағаны ма?<br>Қоян тоқта ренжіме қораптың ішінде хат жатыр. Хатты ашып көрейік.<br>Қоян қасқыр саған тапсырмалар беріпті сол тапсырманы орындасаң сыйлығыңды табасың депті.<br>**Қоян: Қандай тапсырма?**<br>Қоян: Ооооой, балалар тапсырманы орындауға маған көмектесесіңдер ме?<br>Балалар қоянға көмектесеміз бе?<br>**1 тапсырма:**<br>**Дид ойын: «Кім** | **Менің сүйікті бұрышым**<br>**Ертегілер әлемі.**<br>**Дид ойын: «Сыңарын тап»**<br>Балаларды топқа бөлу<br>**1топ –** Бауырсақ ертегісінің кейіпкерлерін тауып ретімен қоя білу.<br>**2 топ –** шалқан ертегісінің кейіпкерлерін тауып ретімен қоя білу.<br>**3 топ –** жеті лақ ертегісінің кейіпкерлерін тауып ретімен қоя білу.<br>**Денешынықтыру.**<br>**Дид ойын: «Қимылын көрсет»**<br>Шарты: Педагог бір кейіпкерді атайды, бала соның қимылын салады. Әр түрлі бет перделер киіп әр ертегі кейіпкерлерінен қимылдар көрсету<br>**Тосын сәт**<br>Есік қағылып, почташы хат әкеледі.<br>**Хатты ашу.**<br>Ата мен әжеден Құрметті балалар бізге көмек керек. Біздің бауырсағымыз қашып кеткен. Енді оны қу түлкі жеп қоятын болды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Күзгі орманға саяхат. Күз мезгілін бейне таспадан көрсету.Күзгі орманды тамашалау.<br>Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>- Неліктен алтын, жомарт күз дейміз?<br>- Күз мезгілінде бау-бақшада не піседі?<br>**Дид ойын: «Саябақтағы жемістер»**<br>Шарты: Үстелдің үстіндегі табақшадағы жемістер мен көкөністерді айырып жинау.<br>**Шығармашылық бұрыш**<br>**Балаларды сары,қызыл, жасыл жапырақтар арқылы топқа бөлу.**<br>Жұмыс жасаудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру.<br>**1-топ:Сары жапырақтар .**<br>**Дид ойын: «Күзгі жапырақтар»**<br>**Шарты:** Күз мезгіліндегі жапырақтардың түсін атау<br>Кептірілген жапырақты бояу арқылы ақ қағазға бастырып сурет салу.<br>**2-топ:Қызыл жапырақтар:**<br>**Дид ойын: «Күзгі бақ жемістерін ата»**<br>**Шарты:** Жемістерден натюрморт жапсыру.<br>**Сергіту сәті.** | **Дид ойын: «Көкөніспен жемістер»**<br>**Шарты:** Көкөніс пен жемісті сипаттауы бойынша тауып, себетке муляждарды жинайды.<br>**Денешынықтыру**<br>**Сергіту сәті**<br>Алма баққа барамыз, (Бір орнында жүреді, қолдары белдерінде)<br>Алма теріп аламыз, (Қолдарын жоғары созып, алманы жұлғандай қимыл жасайды).<br>Ең үлкен алманы (құлаштарын сермеп, алманың үлкендігін көрсетеді).<br>Анамызға сыйлаймыз. (алманы ұсынып жатқан қимылды жасайды)<br>**Менің сүйікті бұрышым Математика.**<br>**Балаларды дөңгелек, үшбұрыш пішіндер арқылы топқа бөлу.**<br>**1-топ: Дөңгелек**<br>**Дид ойын:**<br>**«Төртіншісі артық»**<br>Лимон, мандарин, апельсин, **қияр.**<br>Ананас, **саңырауқұлақ**, алма, алмұрт.<br>Алмұрт, алма, сәбіз, киви.<br>**2-топ: Үшбұрыш**<br>Жемістермен көкөністерді пішіні бойынша топтау,<br>**2-вариант:** жемістермен | **Саңырауқұлақ туралы түсіндіру.**<br>Дайын салынған саңырауқұлақтарды бояу.Тиінмен қоштасу.<br>Балалар жолмен жүру.<br>**«Орман аңдары»**<br>**1. «Аю»**<br>Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.<br>**2. «Түлкі»**<br>Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру.<br>**3. «Көжек»**<br>Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.<br>**4. «Қасқыр»**<br>Баяу жүгіру , жылдам жүгіру.<br>**Кірпіге кездесу.**<br>Кірпі терісіне тығылып көңілсіз жатыр<br>Қане тақпақ айтып берсек тиін секілді көңілденіп, басын шығаратын шығар.<br>**Тақпақ.**<br>**<u>Қадыр Мырза Әли</u>**<br>Жатқан кезде быртиып,<br>Кірпіге сен көр тиіп.<br>Тікірейтіп түрпісін<br>Түрегелер үрпиіп.<br>Кірпі басын шығарып<br>балаларға алма жинауға көмек керек екенін айтады.<br>**Дид ойын: «Кірпіге көмек»**<br>**Балаларды топқа бөлу.** | **тапқыр?»**<br>Шарты: Жемістер топтау.<br>-Алманың түсі, пішіні<br>-Бананның түсі, пішін<br>-Алманың тағы қандай түстері бар?<br>-Алмұрттың түсі қандай?<br>-Апельсин қандай?<br>-Түстерімен топтастырып жинау.<br>-Сары түтерді сары себетке<br>-Жасыл түстерді жасыл себетке<br>-Қызыл түстерді қызыл себетке жинаймыз<br>**2 - тапсырма:**<br>**Дид ойын: «Қай пішінге ұқсас?»**<br>Шарты: Жеке карточкаларда заттардың суреттері беріледі. Жанындағы бос төркөзге қай пішінге ұқсас екенін салып көрсетеді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ұзын құлақ, сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы, қырлы жерлермен<br>Ытқып, ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын салып көзінің .<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің.<br>**Қоршаған орта**<br>**Мнемотехника күз мезгілі**.<br>**Дид ойын: «Күз** | Бауырсақты табуға көмектесулеріңдң сұраймыз.<br>**Дид ойын: «Пішін мен түсін ата»**<br>Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін көрсету, түсіндіру.<br>Қағаз бетіне дайын бауырсақты жапсыру.<br>**Бауырсақ әнін айту.**<br>Менің атым бауырсақ,<br>Мені қаймаққа иледі,<br>Майға пісірд,<br>Суытып қойды.<br>Мен атадан қаштым,<br>Әжеден қаштым,<br>Қоянды көрдім,<br>қасқырды көрдім, аюды көрдім бәрінен қаштым, түлкіден де қаштым.<br>Ата-мен әжеге себетке салып беріп жіберу.<br>Кішкентай әртістер.<br>**Сюжеттік рольдік ойын.**<br>**Шалқан ертегісі.**<br>Ертегі кейіперлерінің бет пердесін кейіп ертегіні сомдау.<br>Балаларды топқа бөлу.<br>**Дид ойын: «Бөлігін тап»**<br>Қиынды суреттерден шалқан ертегісіндегі кейіпкерлердің бөлігін тауып құрастыру.<br><br>**Музыка** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп – кішкентай ағаштар<br>Біп – биік боп өседі.<br>**Дид ойын:**<br>**«Даналық ағашы »**<br>Шарты: Күз мезгілі туралы сұрақтарға жауап беру арқылы алмаларды себетке жинау.<br>«Шапалақ әдісі» арқылы қорытындылау.<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Кіріспе бөлім. Амандасу.**<br>Сапқа тұру, әр түрлі бағыт-та жүру, педагогтың белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұру.<br>Негізгі бөлім.<br>**Жалпы даму жаттығулары.**<br>**Таяқшамен**<br>-Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу(3-4 қайталау.) Б.қ .<br>- Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау (3-4 ) Б.қ.<br>- Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны | көкөністерді түсі бойынша топтау.<br>Көңілді смайлктер беру.<br>**Сиқырлы сөз:**<br>Қәне, қәне айтайық,<br>Бақшамызға қайтайық.<br>**Психологиялық жаттығу.**<br>Созыламыз, күн жасаймыз, достарымызға қарап күлімдейміз.<br>**II.Ой дамыту**<br>Өлең оқу.«Жаңбыр»<br>- Тырс! Тырс!<br>Жаңбыр кеп жауады,<br>Терезе қағады.<br>- Тырс! Тырс!<br>Жылғалар ағады,<br>Сылдырап әуенге салады.<br>- Балалар бұл тақпақта не туралы айтылды?<br>- Жаңбыр туралы.<br>**Дид ойын: «Жаңбыр қайдан жауып тұр?»**<br>Шарты: Балалар жаңбырдың бұлттан жауатынын көрсетеді.<br>**Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру.**.<br>-Сонымен жаңбырдың, судың түсі қандай болады?<br>- Тамшының пішіні қандай?<br>Саусақ арқылы тамшы суретін қағаз бетіне түсіру.<br>Балалар кірпі бізден көмек<br>**Сиқырлы сылдырмақ**<br>Балаларды шеңберге жинау. | Қызыл алма<br>Сары алма<br>Жасыл алма<br>**1-топ:** Кірпіге қызыл алма жапсыру<br>**2-топ:** Кірпіге сары алма мүсіндеу<br>**3-топ:** Қиылған суреттерден кірпіге жасыл алма құрастырып жинау.<br>Кірпімен қоштасу.<br>**Сергіту сәті**<br>Шарты: көкөніс атын естісе отырады, жеміс атын естісе қолдарын жоғары көтереді.<br>**Аңдарға кездесу. Аудио дыбыс.**<br>**Табиғаттың дауысы**<br>**Түлкіге кездесу.**<br>Құрметті балалар біздің аңдарға Арыстан тапсырма беріпті соған көмек керек. Балалар көмектесеміз бе? Орманда үлкен жарыс болып, аң патшасы арыстан аңдарға бұйрық берді.<br>**1-тапсырма:**<br>**Дид ойын: «Оң, сол»**<br>Алма ағашының оң жағына кірпі, сол жағына түлкі тұрсын депті.<br>Оң жақ және сол жақты білмей тұрмыз.<br>**2-тапсырма:**<br>**Дид ойын: «Алма жинау»**<br>Арыстан алма ағашында тұрған | **ерекшелігі»**<br>Шарты: суреттен күз ерекшеліктерін табу.<br>**Қоян қуанып рақмет айту.**<br>**Балалар қасқар бізге қоянға сыйлық жасап беруді өтініпті. Қандай сыйлық жасаймыз?**<br>**Қоян нені жақсы көреді?**<br>**Дид ойын: «Қоянға сыйлық»**<br>Балаларды топқа бөлу.<br>**1-топ:** Қиылған үлкен-кіші сәбіздерді ретімен жапсыру.<br>**2-топ:** Үлкен-кіші сәбіздерді бояу.<br>**3-топ:** Үлкен-кіші сәбіз мүсіндеу.<br>**4-топ:** Қоянға достарын құрастыру.<br>Шапалақ әдәсі.Қоянның қуануы.<br>Қоянмен бірге жаттығу жасаймыз ба?<br>1.Қолды жоғары көтеру.<br>2. оңға иілу.Б.қ. келу.<br>4. солға иілу.Б.қ. келу.<br>Б.қ.: негізгі тұрыс, қол төменде.<br>1.Қолды алға созып отыру.<br>2.Тұру. 3.Б.қ. келу.<br>3.Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:<br>1.Алға қос аяқпен секіру.<br>2.Артқа қос аяқпен | **Тақырыбы: менің жанұям**<br>Музыка залында әже болып киінген музыка жетекшісі балаларды күтіп алады.<br>Ортаға дөңгелек үстел үстіне бауырсақ қояды.<br>Әже балалармен амандасады. Балалардан үйлерінде кімдер туратынын сұрап, жауап беруге мүмкіндік жасау, анам, әкем деген сөздерді айтқызып, әже, ата сөздерін айтуға жетелейді.<br>Балалар мен бәріңнін әжелеріңмін қазір ән айтып беремін, сендер ол әннің кім туралы екенін айтасыңдар.<br>**Музыка тыңдау:**<br>**«Бауырсақ»**<br>(музыкасын жазған Ә, Бейсеуов, сөзін жазған Н. Арынова)<br>-Сендердің ауылда әжелерің барма, келіп тұрама?<br>-Әжелеріңді жақсы көресіңдер ме?<br>**Дауыс жаттығулары:**<br>«Әлди-әлди», «Көңілді алақандар мен балақандар» жаттығулары.<br>Дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеуденің тұсында.<br>Отырып, тұру. Б:Қ<br>- Таяқшаны айналып секіру және жүру. (10 сек) Б.қ. келу.<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>Араның дыбысын салу. -з-з-з<br>Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау.<br>1.Түзу жолмен жүру<br>Ені – 25см, ұзындығы – 2,5 метр түзу жолмен жүру.<br>Ойын жаттығуы:<br>«Соқпақпен жүріп өт». Әр қатарға қарама-қарсы таяқшаларды пайдаланып, ені 25 см ұзындығы 2,5 м соқпақ жасаймыз.<br>Соқпақты жүріп өту<br>**2.Кез келген бағытта төрттағандап еңбектеу.**<br>**Ойын жаттығуы:**<br>**«Марғаулар»**<br>Жан-жануарлардың балалары да өте кішкентай әрі ойнағанды жақсы көретінін түсіндіреді.<br>Ойын ережесін еске салады: зал ішінде төрттағандап еңбектейді, «Қожайын келді!» деген белгі берілгенде жата қалып, қатып қалу, сосын қайта еңбектеу.<br>**Ұлттық ойын: «Ұшты – ұшты»**<br>**Қортынды.**<br>**Балаларды мадақтау.** | **Дид ойын: Оралмалы жіп.**<br>**Мақсаты:** Балаларға күз мезгілі туралы алған білімдерін домалақ жіпті жинау арқылы тиянақтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:Менің отбасым**<br>**Миға шабул.**<br>**Дид ойын: " Көңілді доп"**<br>Шарты : Сұрақ қою арқылы жауап алу.<br>- Отбасы мүшесін ата.<br>- Отбасында кімді жақсы көресің?<br>- Отбасында кімге сыйлық жасайсың?<br>**Ой дамыту**<br>**Отбасы туралы түсінік беру.**<br>-Отбасы мүшелерін атау. ата, әже, әке, шеше, аға, әпке, іні, қарындас, сіңлі.<br>**Сұрақ-жауап.**<br>Сенің отбасың қандай?<br>Отбасында неше адам бар?<br>Олар кімдер?<br>-Атаң мен әжең кім?<br>-Әкең қайда жұмыс істейді?<br>-Анаң қайда жұмыс істейді?<br>-Сен неше жастасың<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Та-та- ата,<br>Же-же- әже,<br>Ке-ке- әке, | алманы жинап әкелуге, керік пен қоянды жұмсады. Қайсысы алманы тез жинайды, неліктен? Алма қайда өсіп тұр?<br>**Сөйлемді дамыту.**<br>**Балалардың білімін нығайту**. Тақпақ оқу.<br>Қарашы күз келді, күз келді<br>Жапырақ жауыпты іздерді.<br>Құс біткен керуен тізеді,<br>Қара бұлт қабағын түйеді<br>**Сұрақ жауап**.<br>-Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?<br>-Құстар қай жаққа ұшып кетеді?<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Кіріспе бөлім. Амандасу.**<br>Сапқа тұру, әр түрлі бағыт-та жүру, педагогтың белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұру.<br>Негізгі бөлім.<br>**Жалпы даму жаттығулары.**<br>**Таяқшамен**<br>-Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу(3-4 қайталау.) Б.қ . | секіру.<br>Қоянмен қоштасу. | Әже балаларға жаңа ән ала келген екен.<br>**Жаңа ән: «Топ- топ балақан»** (музыкасын жазған Н.Арынбаева, сөзін жазған А.Асылбек)<br>әні орындалады.<br>-Ән кімдер туралы айтылған. Әже әнді өзі орындап береді.<br>Мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйретеді.<br>«Топ-топ, балақан, шапалақта алақан» деген жерінде орындарынан тұрып, алдымен аяқтарын топылдаты, содан соң алақандарын шапалақтайды.<br>Соңғы шумағын айтқанда қолдарын жоғары көтере шапалақтайды.<br>«Жұлдыз болып жанамыз» деген жерде екі қолды аспанға көтереді.<br>**Әуенді-ырғақты қимыл:**«Көбелек биі» (биді қойған Д.Әбіров).<br>Жеңіл музыка әуеніне ілесіп мәнерлі қимылдар жасау.<br>**Қортынды**<br>Әже балалармен қоштасады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | На-на-ана,<br>Ке- ке- әпке<br>Ға – ға- аға<br>4.Сергіту сәті: Саусақ ойыны «Бармақтар отбасы» (караоке – қазақша балалар әні)<br>**Дид ойын:«Кім жоқ»**<br>Шарты: отбасындағы мүшелердің атын атап, жасырынған отбасы мүшесін суреттен табу табу.<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.** | **-** Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау (3-4 ) Б.қ.<br>**-** Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Отырып, тұру. Б:Қ<br>- Таяқшаны айналып секіру және жүру. (10 сек) Б.қ. келу.<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>Араның дыбысын салу. -з-з-з<br>Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау.<br>1.Түзу жолмен жүру<br>Ені – 25см, ұзындығы – 2,5 метр түзу жолмен жүру.<br>Ойын жаттығуы:<br>«Соқпақпен жүріп өт». Әр қатарға қарама-қарсы таяқшаларды пайдаланып, ені 25 см ұзындығы 2,5 м соқпақ жасаймыз.<br>Соқпақты жүріп өту<br>**2.Кез келген бағытта төрттағандап еңбектеу.**<br>**Ойын жаттығуы:**<br>**«Марғаулар»**<br>Жан-жануарлардың балалары да өте кішкентай әрі ойнағанды жақсы көретінін түсіндіреді.<br>Ойын ережесін еске салады: зал ішінде | | Әже балаларды мақтайды, марапаттайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | төрттағандап еңбектейді, «Қожайын келді!» деген белгі берілгенде жата қалып, қатып қалу, сосын қайта еңбектеу.<br>**Ұлттық ойын: «Ұшты - ұшты»**<br>**Қортынды.**<br>**Балаларды мадақтау.** | | |
| Серуенгедайындық | Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсету.<br>**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| Серуен | **Картотека № 12**<br>Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. | **Картотека №15**<br>Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау. | **Картотека №17**<br>«Күз көрінісін бақылау» | **Картотека №18**<br>Күзгі жапырақтарды бақылау. | **Картотека №20**<br>Жәндіктерді бақылау. |
| | Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Серуен картотекасынан | | | | |
| Серуенненоралу | «Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.<br>Тазалық процедурасы.<br>Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу<br>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды үйрету.<br>Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| Түскі ас | Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну<br>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары. | **№9** Ояту<br>Ұйқыдан біз тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Анда- мында созылып<br>Тарқасайық, тұрайық | **№10**Ояну<br>Көзімізді ашайық<br>Бойымызды жазайық<br>Терезеге қарап<br>Күн жылуын алайық. | **№10** Ояну<br>Көзімізді ашайық<br>Бойымызды жазайық<br>Терезеге қарап<br>Күн жылуын алайық. | **№11** Ояну<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық<br>Самал жел бізге желпісін,<br>Ұйқымызды ашайық | **Жаттығу кешені №13.**<br>Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар |
| | «Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау. **Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан** | | | | |
| Бесінас | Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеуәрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұйә. | | | | |
| | **Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Ғажайып сәт.АҚТ технолгиясынан Алтын күз.**<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар?<br>Мен сіздерден көмек сұрап келдім. Балалар Алтын күз көңілсіз болып тұр неге екен?<br>Алтын күз: Балалар менің жемістерім бәрі пісіп жиналды, ал жүзімді жинау маған қиын болып тұр. Көмектесіңдер ме?<br>Әрине көмектесеміз<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>1-топ. қара жүзім<br>2- топ. жасыл жүзім.<br>Балаларға жүзімнің жапырақтарымен салынған суреті таратылады.<br>**Ой дамыту.**<br>**АҚТ технологиясы.**<br>Жүзім туралы слайд қарау.<br>Жүзім түсінік беру.<br>**Үлгі арқылы жүзімнің жасалу жолдарын түсіндіреді.**<br>1-топ: Жасыл жүзім.<br>Ермексаздан алақан арасына домалату арқылы жасыл түсті жүзім мүсіндеу.<br>1-топ: Қара жүзім. | **Дид ойын: «Жеміс қайда, көкөніс қайда екенін тап»**<br>Мен сендерге үстелге жемістер мен көкөністердің аралас карталарын жайып беремін, ал сендер карточкаларды жемістер мен көкөністер деп екі топқа бөлулерің керек.<br>**Тәрбиеші:**<br>**Енді жемістерді зертханамызда зерттеп көрейік.**<br>Педагог үстелге жемістерді қояды: апельсин, мандарин, лимон, банан, алма.<br>Тәрбиеші: Біздің дастарханда түрлі жемістер бар.<br>Олардың атын атап көрейік. Барлық жемістер әртүрлі.<br>Олар қалай ерекшеленеді, қандай негіздер бойынша топтастыруға болады?<br>1. Қараңыздар, олар пішіні бойынша ерекшеленеді ме (дөңгелек, сопақ)?<br>2. Түсі бойынша (қызғылт сары, жасыл)?<br>3. Көлемі бойынша (үлкен және кіші)?<br>4. Иісі бойынша?<br>5. Қабықтың құрылымы | **Миға шабуыл.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Ызақор бұғып жатыр,<br>Сақалы шығып жатыр.<br>(жуа)<br>Жерде жатып желіндейді,<br>Күз түскенше желінбейді.<br>(қауын)<br>Көк лағым көгенде жатып семіреді.<br>(Қарбыз)<br>Жасыл ала дөңгелек,<br>Бақшада жатыр дөңгелеп.<br>(қарбыз)<br>**Ой дамыту**<br>Көкөністер туралы түсінік беру.<br>- Көкөністерге нелер жатады?<br>- Біз қазір ненің натюрмортын көріп тұрмыз?<br>-Осы көкөністер бізге не береді?<br>Түсі, пішіні, қайда өсетіні т.б.<br>Сұрақ – жауап.<br>**Дид ойын: «Көкөністер мен жемістер»**<br>Балаларды топқа бөлу.<br>**1-топ: Берілген өкөністерді бояу.**<br>**2- топ: Берілген жемістерді мүсіндеу.** | **Денешынықтыру.**<br>**Кіріспе бөлім.** Амандасу<br>Әжемнің ауылында (таза ауада)<br>Сапқа бір қатармен тұру,шеңбермен жүру.<br>«Біз бүгін ауылға әжемізге қонаққа барамыз»<br>Шеңбер бойымен жүру.<br>Шеңбер бойымен сапқа тұру.<br>**Негізгі бөлім. Жалпы даму жаттығулары**<br>**Дене бітімінің арналған жаттығулар**<br>**«Әжеммен бірге кім тұрады?**<br>**1.Тауықтар қанатын қағады.**<br>Б.қ.: аяқтар табан өлшеміндей қашықтықта, қолды төмен түсіреді.<br>қолды екі жаққа көтереді, 2 – б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5 рет.<br>**2.Қаздар қиқулайды:** аяқтар иыққа сәйкес қашықтықта, қолдары белде.<br>1 – алға қарай иіледі, шынтақтарын артқа жібереді, 2 – б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5рет. | **Дид ойын «Суретші қай жерде қателесті?»**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.<br>**Дид ойын: «Көкөністер мен жемістер»**<br>**Мақсаты:** жемістер мен көкөністерді сипаттап айтуды,олардың пайдасы туралы біледі.<br>**Құрал-жабдықтары:** Жемістер мен көкөністердің суреттері<br>**Ойынның барысы:** Көкөністер мен жемістер суретттерін салатын қалташалар тақтаға ілінеді. Үстер үстінде суреттер аралас жатыр. Шақырылған бала өзіне ұнаған жеміс немесе көкөністі танып алады да қалтаға салады. Қайда өсетіні, түсі, пішіні, дәмі туралы сипаттап айтады<br>**Кітап бұрышы**<br>**Ертегілер елінде.**<br>**Көркем әдебиет.**<br>«Жеті лақ» ертегін суреттер арқылы қарау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қиылған суреттерден жүзім бағын құрастыру. Жасаған жұмыстарын себетке салып Алтын күзге сыйға беру. Аудио дыбыс. Алтын күз рақмет балалар, мен өте көңілді болдым, қандай тамаша! | бойынша (кеуекті және тегіс)? Жемістерді пішініне, көлеміне, түсіне, дәміне, иісіне, қабығының құрылысына қарай топтастыруға болатынын білдік. | | **3.Марғаулар керіледі.**<br><br>Б.қ.: төрттағандап тұрады.<br>1 – жауырынды доғадай иеді, 2 – арқаны иліктіреді. Б.қ., 3-4 – тағы да солай 4-5 рет.<br>**4.Күшіктер ойнайды.**<br><br>Б.қ.: шалқасынан жатады. 1,2,3,4 – аяғы мен қолдарын шапшаң қозғайды.<br>**5.Құлыншақтар секіреді.**<br><br>Бір орында тұрып секіру Тыныс алу жаттығуы «Ауызбен және мұрынмен тыныс алудың үйлесімділігі» Негізгі қимыл -қозғалыс жаттығуы. «Әжемізге бау-бақшада көмектесейік» 1.«Бау-бақшамен жүреміз» – ені 20 см, ұзындығы 3 метр имектелген жолмен жүру. 2.«Қарбыз жинаймыз» – бір-бірінен 1,5 метр қашықтықта отырып екі қолымен допты домалату.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тауық пен балапандар».**<br>Алаңның бір | ертегі кейіпкерлерін атау. Ертегі желісін түсіндіру.. Бет перде кейіп ертегіні сомдау. Шығармашылық бұрыш. Балаларды топқа бөлу. **Дид ойын: «Ертегі кейіпкерлері» 1-Топ: Ешкі мен лақтарды бояу. 2-топ: Қасқырды мүсіндеу.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жағында үй – қоршалған орын болады, онда тауық пен балапандар бар (еденнен биіктігін 50 см-дей етіп бағандар арасына жіп тартылады). Бір жақ шетіне «үлкен құс» орналасады. Тауық жіптің астынан өтіп, қорек іздеуге аттанады. Ол балапандарын «ко-ко-ко» – деп шақырады. | |
| Балалармен Жеке жұмыс | **Дид ойын: «Өзім және отбасым»** **Мақсаты:** Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы біледі, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді. | **Дид ойын: «Құстар біздің досымыз»** **Мақсаты:** Балалар құстар туралы білім түсініп,. құстарға қамқорлықпен қарауды біледі. | **Дид ойын: «Нан дастарханға қалай келеді?»** **Мақсаты:** Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөнінде түсіне отырып, диқаншылардың еңбегін құрметтеуді түсінеді. | **Дид ойын: «Суретші қай жерде қателесті?»** **Мақсаты:** Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба отырып, өз ойын айта алады. | **Дид ойын «Әдемі гүл»** **Ойынның мақсаты:** Түстер туралы біледі. түстерді сәйкестендіре алады. |
| Серуенгедайындық | «Еңбегі адал жас өрен» - баланы еңбекке баулу, өз – өзіне қызмет етуге үйрету. Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау | | | | |
| Серуен | **Картотека № 12** Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. Ұлттық ойын- ұлт қазынсы «Сақина салу» | **Картотека №15** Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау. Ұлттық ойын- ұлт қазынсы «Ұшты-ұшты» | **Картотека №17** «Күз көрінісін бақылау» Ұлттық ойын- ұлт қазынсы «Белбеу соқ» | **Картотека №18** Күзгі жапырақтарды бақылау. Ұлттық ойын- ұлт қазынсы «Ұшты-ұшты» | **Картотека №20** Жәндіктерді бақылау. Ұлттық ойын- ұлт қазынсы. «Айгөлек» |
| | **Таңғы серуенді бекіту.** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу. | | | | |
| | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. | Ата-анаараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту. | Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру. | Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу. |

Ұйымдастырылған іс әрекеттер күні бойы жүргізіледі.

**Тәрбиеші :** Айнадинова Гулбану Агимакызы
Жолдыбаева Жансая Серікқызы

Әдіскер : Жетмекова

Тексерілді:

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
**Топ:** «Балбөбек» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:**3- жа
Жоспардың құрылу кезеңі : 07.10 – 11.10.2024ж

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Күй күмбірі – күй өнерін балаға тыңдату арқылы, қазақ мәдениетіне тәрбиелеу..<br>Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Өнегелі -15 мин – ата-анаға баланың денсаулығына кеңес беру. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.<br>Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер | **Картотека №10**<br>**Дид ойын:**<br>**«Танып ал да, атын ата»**<br>**Мақсаты:** заттың түр-түсін, пішінін, атын атап, өз ойын айта алады. | **Картотека № 12**<br>**Дид ойын:**<br>**«Әдемі гүл»**<br>Ойынның мақсаты:,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіре алады. | **Картотека № 16**<br>**Дид ойын:**<br>**«Үйжануарлары»**<br>Ойынмақсаты: Үйжануарларынолардыңде немүшелерін атау, суреттен өз төлдерін тауып қоя біледі. | **Картотека № 17**<br>**Дид ойын:**<br>**«Менің сүйікті ертегім»**<br>**Мақсаты:** ертегі кейіпкерлері атап, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата алады. | **Картотека № 18**<br>**Дид ойын:**<br>**«Құстар біздің досымыз»**<br>**Мақсаты:** Суреттер бойынша құстарға қамқорлықпен қарауды түсінеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | **Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан** | | | | |
| Таңертенгіжаттығу | Қазан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген<br>**Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау** | | | | |
| Таңғыас | Үнемді тұтыну ережелерін түсіндіру. Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру.<br>Қауіпсіздік ережелері- тамақ ішу кезінде, құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту.<br>Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | «Балалар кітапханасы»-жобасы аясында. | | | | |
| | Отбасында гүліміз,<br>Көңілді өтер күніміз.<br>«Қайырлы таң!» деп айтамыз,<br>Бір болып кеште қайтамыз. | Кәне, кәне тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Тұрсақегершеңберге,<br>Алақандыұрайық | Ертетұрыпкүнде мен<br>Тереземдіашамын.<br>Сәлемдеймінкүнге мен<br>Шаттықәнгесаламын. | Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік! | Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! |
| Білімберуұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет. | Экологиялық мәдениетті қалыптастыру –күз мезгілінің қасиеттерін ,кіріктірілген ұіә түсіндіру.<br>**«Smart bala» жобасы** аясында «Мен – зерттеушімін» зерттеу жұмыстарын жүргізу | | | | |
| | **Қызығушылықты ояту.**<br>**«Сурет көрмесі» әдісі**<br>**Дид : «Таныс тағамды таңда»**<br>**Шарты:**Суреттер бұрышынан өздеріңе таныс тағамдарды таңдайды.<br>**Ортақ сұрақ :**Тағам адам үшін қаншалықты қажет деп ойлайсыңдар?<br>**Топқа бөлу. «Мозайка» әдісі**<br>**Нұсқау:** Әр топқа сурет беріледі, балалар мозайка құрастыру арқылы топтарға бөлінеді | **Сәлеметсіңдер ме, балалар! (Сәлеметсіз бе!)**<br>**Бір-біріңізге тағы қалай сәлемдесуге болатынын ойлаңыз ба?**<br>**Балалар қасында тұрған адамға қолдарын беріп, амандасады.(Қайырлы таң, қайырлы күн, сәлем, қайырлы кеш т.б.)**<br>-Міне, бізде достық шеңбер құрылды. Енді бір-бірлеріңізге күлкі сыйлаңыздар! Өйткені, «Көңілді болсаң – саусың, мұңайсаң – аурусың» деп | **Таңғажайып сәт:** (Микроб қонаққа келеді )<br>**Микроб:** Сәлеметсіздер ме, менің әлсіз де, кішкентай балаларым. Мен микроб дегенпатшаларыңболамын. Сендерменікүттіңдер ме? Мен жеміс-жидектердіжумайжейтінбалалардыңқасындажүргенді ұнатамын.<br>**Тәрбиеші:** Бізсіздішақырғанжоқпыз. Біз, балалар, жемістердіжақсылапжуып, тазалапжеймізғоиә? | **Суреттер әлемі.**<br>**Шарты: Әр түрлі иллюстрациялар қарау.**<br>Суреттердің арасынан мен хат және карта кездестірдім.<br>Хатта Білім профессоры бізді тәжірибе жасау үшін зертханасына шақырады, ал жолда бізге қажетті жемістерді табу керек, ол үшін бізге карта көмектеседі.<br>**Дид ойын: «Жемістерді жина»**<br>Жемістерді жинап, | **Көңілді шеңбер**<br>Қайырлы таң күлімдеген жүздер!<br>Қайырлы таң күн мен құстар!<br>Барлығы мейірімді, сенімді болсын.<br>Қайырлы таң кешке дейін созылсын!<br>Балалар, бір-бірімізге күлейік,<br>**Ой қозғау.**<br>Тәрбиеші: «Көңілді болсаң – саусың, мұңайсаң – аурусың». Неліктен олар бұлай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1-топ:** «жемістер»<br>**2-топ:** «көкөністер»<br>**3-топ:** «шырындар»<br>**4-топ:** «тағамдар»<br>**Зерттеуді жоспарлау:**<br>**Ой қозғау: қоршаған орта.**<br>1.Пайдалы және зиянды тағамдардың айырмашылығы қандай?<br>2.Біз қандай тағамдарды ішуіміз керек?<br>**Балалардың өз ойы, сыни ойлау.**<br>**Тосын сәт:**<br>Балалар, бүгін бізге дәрігер апай келіпті, балабақшадағы топтарды аралап денсаулығын тексеріп жүр екен.<br>**Дәрігер: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Дәрігер:** балалар қазір күз мезгілі, тұмау жүріп жатқан кез, өздеріңді қалай сезінесіңдер?<br>**Дәрігер:** Балалар сендердің топтарында ауырып қалған балалар жоқ па?<br>**Дәрігер:** Сендердің көңіл күйлерің, денсаулықтарың да жақсы екен. Сендер таза ауада көп серуендеп, түнде жақсы ұйықтағандарың көрініп тұр. Деніміз сау болу үшін көкөністен жасалған тағамдар жеуіміз керек, жемістерден | бекер айтпаған.<br>Сәлемдескен кезде бір-біріне денсаулық тілейді.<br>**Ой дамыту.**<br>Денсаулық үшін тағы не қажет?<br>- Спортпен шұғылданыңыз, сабырлы болыңыз, таза ауада көбірек уақыт өткізіңіз, витаминдер мен дұрыс тамақтаныңыз.<br>- Дұрыс тамақтану – ағзаға пайдалы өнімдер.<br>Азық-түлік слайдтары.<br>**Шарты: Дид «Қызыл, сары, жасыл»** Мен сендерге тағам слайдтарын көрсетемін, ал сендер дұрыс түсті карточкаларды көтересіңдер. (Жасыл - жақсы, сары - жеуге болады, бірақ өте пайдалы емес, қызыл - тамақтан бас тартқан дұрыс).<br>Әрбір өнімде сіз пайдалы және зиянды нәрсені таба аласыз.<br>**Дид ойын: «Түрлі-түсті себеттер»**<br>Балаларды екі командаға бөлу.<br>Енді сіз аспаз екеніңізді елестетіңіз, кешкі ас дайындайсыз. Ол үшін дүкенге барып, себетті өнімдермен толтыру керек. Пайдалы | **Балалар:** Иә, апай!<br>**Микроб:** Сіздерменіменқалайкүресу керек екенінбіледіекенсіздер. Менімендосболмасаңыздар, мен сіздердісиқырлаптастаймын.<br>**Балалар:** Бізсіздіңсиқыры ңызғасиқырланбаймыз. Сізбенқалай күресу керек екенінбілеміз. Жеміс-жидек пен көкөністердіжуып-тазалапкөпжейміз. Біздіңденсаулығымызкүшті.<br>**Дидактикалықойын: «Дәрумендердіажырат»**<br>**Мақсаты:** Жемістер мен көкөністердіажыратабілуге үйрету, дәрумендердің адам ағзасынақандайпайдасы бар екендігінайту. Түсінік беру.<br>**Шарты:** Балаларберілгенжемістер мен көкөністердіА және С топтарынабөліпорналастыру керек.<br>**Тәрбиеші:**Балалар, бізге хат келгенсияқты. Қарапкөрейікші. Бәрімізэкранға назар аударайық. Балалар, бізгебалабақшамыздыңдәрігері не айтарекен, тыңдапкөрейік. | картадағы жеміс зертханасына кеттік. Қане зертханаға жету үшін көзімізді жұмып, 1,2,3 деп айтамыз.<br>– Ал қазір біз оларды зертханамызда тексеріп көреміз.<br>Тәрбиеші:<br>-Біздің дастарханда жемістер бар, оларды атаңдар. (банан, алмұрт, алма, мандарин, жүзім, лимон).<br>- Иә, олардың барлығы әртүрлі, бірақ бәрібір, кейбір белгілерге сәйкес, ұқсас жемістерді табуға болады.<br>- Эксперимент жүргізуді бастау үшін жемістерге сауалнама жүргізу керек.<br>- Бірдей пішіндегі жемістерді тауып, берілген жерге орналастырамыз..<br>Неліктен бұл жемістер деп ойлайсыңдар?<br>Қалай ойлайсыңдар, қандай жемістердің пішіні, көлемі, түсі ұқсас?<br>1. Қараңызшы, олар пішіні бойынша ерекшеленеді ме? (дөңгелек, сопақ);<br>2. Көлемі бойынша (үлкен және кіші); | айтады деп ойлайсыз? (балалардың жауаптары)<br>Бақытты және сау болу үшін не қажет? (балалардың жауаптары).<br>дұрыс тамақтану қажет. Ол нені білдіреді? (балалардың жауаптары). (Бұл адамға пайдалы тағам).<br>**Дид ойын: «Жеміс қайда, көкөніс қайда екенін тап»**<br>Мен сендерге үстелге жемістер мен көкөністердің аралас карталарын жайып беремін, ал сендер карточкаларды жемістер мен көкөністер деп екі топқа бөлулерің керек.<br>**Тәрбиеші:**<br>**Енді жемістерді зертханамызда зерттеп көрейік.**<br>Педагог үстелге жемістерді қояды: апельсин, мандарин, лимон, банан, алма.<br>Тәрбиеші: Біздің дастарханда түрлі жемістер бар. Олардың атын атап көрейік. Барлық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасалған шырындар ішіуіміз керек, спортпен айналысуымыз керек, тазалық сақтау керек.<br>**Дәрігер:** Сендер қандай сергіту жаттығуларын білесіңдер? Маған көрсетіңдерші?<br>**Сергіту сәті:**<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды жазайық.<br>**Дид ойын: «Ғажайып қалта». Ойыннық шарты:** қалта ішіндегі жемістерді аттарын, түсін айту керек.<br>**Көркем әдебиет.**<br>**«Дұрыс тамақтана біл» кітаптағы керекті мәліметтерді көрсету, балалар өз ойын айту.**<br>**Дид ойын:«Кім жылдам» ойыны**<br>**Шарты:** Пайдалы және зиянды тағамдарды ажыратып ыдысқа салады<br>Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»<br>Көкөністер мен Жемістер<br>**«№ 1 тәжірибе»**<br>**Мақсаты:** жемістер мен көкөністер тұқымдарының құрылымында ядрошық бар екенін көрсету<br>**Құрал-жабдықтар:** | тағамдарды жасыл себетке, ал зиянды өнімдерді қызылға салу керек.<br><br>**Дид ойын: «Ғажайып сөмке»**<br>Біз жемістерді үлкен табаққа саламыз: алма, алмұрт, апельсин, мандарин, лимон, банан, киви, жүзім.<br>- Оларды бір сөзбен қалай атауға болады? (Жеміс.)<br>Барлық жемістер әртүрлі. Олар қалай ерекшеленеді және оларды қалай жіктеуге болады?<br>1. Олардың пішіні бойынша (дөңгелек, сопақ) айырмашылығы бар-жоғын қарау.<br>2. Көлемі бойынша (үлкен, кіші).<br>3. Түсі бойынша (қызғылт сары, жасыл).<br>-Жемістер бұзылып кетпес үшін қайнатады, кептіреді, мұздатады.<br>Жемістерден қандай тағамдар жасауға болады?<br>Олардың атын бірге атайық.<br>Дид ойын: «Тағамның атын ата»<br>-Лимон шырыны - қандай шырын? (Лимон шырыны). | **Ой,ой, ой мен кеттім , мен кеттім микорп қашып кетеді.**<br>**Ой дамыту.**<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>**(**Балабақшаның дәрігері көкөністер мен жемістерді қалай жеу керектігі туралы айтып береді**)**<br>**Сергіту сәті:**<br>Дәрумендер – тірегің,<br>АВС деп аласың.<br>Жетіспесе бірі оның,<br>Ауырып сен қаласың.<br>**Тәрбиеші:** Балалар, дәрумендер тек қана жемістер мен көкөністерде болмайды, сонымен қатар дәрігер апайларымыз арнайы дәріханаларда дәрумендер жасап шығарады.<br>— Балалар, өзіміздің жеке дәріханамызға барып арнайы киімдерімізді киіп, дәрумендерді жасап берейік. (Сары ермексаздан дөңгелек тәрізді пішіннен түрлі дәрумендер жасайды).<br>**Ғалымдар бұрышы.**<br>**Тәжірибе№1**<br>**Жемістер - оларды қалай жеуге болады?**<br>**Мақсаты:** Балаларға жеміс-жидек тағамдарын дайындаудың әртүрлі тәсілдерін көрсету. | 3. Түсі бойынша (қызғылт сары, жасыл);<br>4. Дәміне қарай.<br>Тәрбиеші:<br>-Олай болса, жемістерді пішініне, көлеміне, түсіне, дәміне қарай топқа бөлуге болатынын білдік.<br>**Қорытынды: Жемістерді әртүрлі белгілерге қарай топтастыруға болады және бұл әртүрлі топтарға әкеледі.**<br>Тәрбиеші: Балалар, аздап демалып, дене шынықтыру жаттығуларын жасайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>«Бұл алма»<br>Мынау алма! (тұру)<br>Бұл (қолдар екі жаққа)<br>Тәтті шырынға толы (қолдар белбеуде)<br>Қолыңызды созыңыз (қолыңызды алға созыңыз)<br>Алма жинаңыз (қолыңызды жоғары көтеріңіз)<br>Жел бұтақты тербете бастады (қолымызбен төбесінде тербелеміз)<br>Алма алу қиын (жоғары тартылды)<br>Мен секіремін, қолымды созамын (секірдім)<br>Және тез алма жинаңыз | жемістер әртүрлі.<br>Олар қалай ерекшеленеді, қандай негіздер бойынша топтастыруға болады?<br>1. Қараңыздар, олар пішіні бойынша ерекшеленеді ме (дөңгелек, сопақ)?<br>2. Түсі бойынша (қызғылт сары, жасыл)?<br>3. Көлемі бойынша (үлкен және кіші)?<br>4. Иісі бойынша?<br>5. Қабықтың құрылымы бойынша (кеуекті және тегіс)?<br>Жемістерді пішініне, көлеміне, түсіне, дәміне, иісіне, қабығының құрылысына қарай топтастыруға болатынын білдік.<br>**Ой дамыту.**<br>Сұрақ –жауап.<br>Апельсин қайда өседі? (ағашта)<br>Дұрыс, сонда қалай айта аласыз: апельсин жеміс пе, әлде көкөніс пе?<br>Балалардың жауаптары.<br>Балалармен әңгіме: Табиғатта апельсиндер - жылтыр жапырақтары бар биік мәңгі жасыл ағаштарда өседі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
